

Ә.Е. ЖҰМАБАЕВА, Г.И. УАЙСОВА, Г.Т. СӘДУАҚАС

ҚАЗАҚ ТІЛІ

1-БӨЛІМ

Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына
арналған оқулық

3

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2018

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Ж 81

Бастауыш білім беру деңгейінің 2–4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Шартты белгілер:

- | | | | |
|---|----------------|---|----------------------------|
|  | – жаңа сабақ |  | – есіңе сақта |
|  | – жаңа ақпарат | * | – түсінік берілетін сөздер |
|  | – ізден |  | – тыңда |
|  | – топтық жұмыс |  | – ойлан, салыстыр, талда |
|  | – жұппен жұмыс |  | – орфографиялық сөздік |

Жұмабаева Ә.Е. т.б.

Ж 81 Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімді/Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т. Сәдуақас. – Алматы: Атамұра, 2018. – 128 бет.

ISBN 978-601-331-087-9

1-бөлім. – 2018. – 128 б.

ISBN 978-601-331-086-2

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-331-086-2 (1-бөлім)
ISBN 978-601-331-087-9

© Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И.,
Сәдуақас Г.Т., 2018
© «Атамұра», 2018

ҚЫМБАТТЫ ЖАС ДОС!

Сені үшінші сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығымен дос болуға шақырамыз! «Қазақ тілі» оқулығы сені және сенің сыныптастарыңды тіл әлемінің жаңа әрі қызықты сипаттарымен таныстырады.

Қолыңдағы оқулық арқылы ана тілінде сөйлеп, сөздің құдіреті мен әсемдігін түсінуге, сезінуге және оны бағалай білуге үйренесің. Қарым-қатынас кезінде тілдік құралдарды орынды қолдануға қол жеткізесің.

Оқулықтан сөйлем, мәтін туралы көп қызықты мағлұматтар аласың. «Қазақ тілі» оқулығы ойыңды толық, жүйелі, түсінікті етіп жеткізуге, сезімің мен көңіл күйіңді білдіруге, тыңдаушыға қызықты болатындай етіп айтуға үйретеді. Оқығаның бойынша пікір білдіруге және оны дәлелдеуге дағдыландырады.

Сөздің жасалу құпиясын ашып, оның қандай бөліктерден тұратынын, қалай жасалатынын білетін боласың. Сөз таптарының жаңа белгілерімен танысып, сөздік қорыңды жаңа сөздермен байытуға мүмкіндік аласың.

Оқулықтағы жазылым дағдысын қалыптастыруға берілген жаттығуларды мұқият орындау – сауатты әрі көркем жазуға төселу кепілі.

Қазақ тілін танып білудегі талпынысыңа әрқашан сәттілік тілейміз!

Оқулық авторлары



ЖАНДЫ ТАБИҒАТ



- Сөйлеу дегеніміздің не екенін, оның түрлерін;
- мәтін туралы бұрын білетінімді *еске түсіремін.*

- Ауызша және жазбаша сөйлеу ерекшеліктерін *білетін боламын.*

сөйлеу мәнері
хат жазу
көркем мәтін
ғылыми-таным-
дық мәтін
сөйлеу мәдениеті

- Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыруды және оларға жауап беруді;
- ұқсас тақырыпта берілген мәтіндерді салыстыруды;
- тыңдалған мәтін бойынша тірек сөздерді белгілеуді *үйренемін.*



Тіл және сөйлеу

1 1. Сызбаның көмегімен сұрақтарға жауап беріп көр.

1. Сөйлеу не үшін қажет?
2. Ол не арқылы жүзеге асады?

Тіл арқылы

- сөйлеседі.
- хабар береді.
- пікірлеседі.
- білмегенін сұрайды.
- кеңеседі.

2. Өлеңді мұқият тыңда.

Теледидар саңқылдап,
 Үйрекке тіл бітірді.
 Қара қарға қарқылдап,
 Сөйлеп кетті біртүрлі.

Абыржымай, қаймықпай,
 Торғай сайрап тіл қатты.
 Ал бөдене жалықпай
 Шешті қиын жұмбақты.

Кенет көлге қаз қонып,
 Басты қоңыр өніне.
 Ақтан отыр мәз болып,
 «Сөйледі, – деп, – бәрі де!»

Тұрсын Елеусізұлы

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

- Өлең мазмұны бойынша кейіпкер мен сөздерді сәйкестендір.



тіл қатты
 жұмбақ шешті





мәз болды
өнге басты



• Ақтан неге мәз болды? Шынында, құстар сөйлей ала ма? Ойыңмен бөліс.

• Өз ойыңды 3-жаттығуда берілген мәтіндегі оймен салыстыр.

3. Мәтінді түсініп оқып, көшіріп жаз.

Хайуанаттар әртүрлі үн шығарып, белгі береді. Үн арқылы олар бір-біріне жақындап қалған қауіп-қатер туралы хабарлайды. Мол азыққа кенелгенін жеткізеді.

хайуанат

Сөйлеу тек адамдарға ғана тән.

Жас сәби сөйлеуді үлкендерден үйренеді.

- Соңғы екі сөйлемге сұрақ қой. Жауап беріп көр.
- Сұрақтарға жауап беруде сөйлеудің қай түрін қолдандың?

ауызша

жазбаша



4. Суреттерге қара. Оларды сөйлеудің ауызша және жазбаша түрлеріне ажырат.



Қыргүйектің
20-сында мектеп-
те ұлттық ойын
түрлерінен жарыс
өткізіледі.
Басталатын
уақыты: сағат 12⁰⁰.



5. Өлеңді жатқа жаз.

Атам мені қуантты –
 Маған берді құлақты:
 – Жақсы сөзді құлағың
 Тыңдасын, – деп, – шырағым*!
 Маған берді тіл ұшын,
 «Шешен бол!» деу – мұнысы.

Мұбәрак Жаманбалинов

- Атасы құлақты не үшін берді?
 - а) жақсы сөзді тыңдасын деп;
 - ә) жақсы сөзді оқысын деп;
 - б) жақсы сөзді айтсын деп;
 - в) жақсы сөзді жазсын деп.
- «Шешен бол!» дегені қай сөйлеу әрекетіне қатысты?
 - а) тыңдалым;
 - ә) оқылым;
 - б) айтылым;
 - в) жазылым.
- «Өз үйшігіне кіргіз» ойынын ойнайық.



жазылым

оқылым

айтылым

тыңдалым



6. Мұқият тыңда. Сөйлеу мәнері кімге тән екенін анықта.

2 – Алматы уақыты 9 сағат 15 минут.

– Аузыңды аш, «а-а» де.

– Ыстық самса алыңыз.

– Абайлаңыз, есік жабылады. Келесі аялдама – «Абылай хан» даңғылы.

– Ойыншықтарыңды тағы да шашып тастағансың ба?!

– Бүгінгі өтетін тақырыбымыз – «Етістік».

даңғыл

7. Мәтінді тиісті дауыс ырғағымен оқы.

Самат ауылдағы атасы мен әжесін қатты сағынды. Сол сағынышын тілі жеткенше айтып хат жазбақ болды. Кешкі тамағын ішіп болған соң, біраз уақыт теледидар көрді де, өз бөлмесіне кірді. Торкөз дәптерден екі парақ жыртып алды. Ақ қағаздың басына «Сәлем хат» деп жазып қойды да, әрі қарай өз ойын, жай-күйін әңгімеледі.

Сәлем хат

хал

Халдеріңіз қалай, ата, әже? Ауырмай-сырқамай жүрсіздер ме? Көкем жұмысын істеп жатырма? Біз де аман-саумыз...

Өтепберген Ақыпбекұлы

• Хатты әрі қарай жалғастырып жаз.

8. Тапсырмалар арқылы сөйлеудің қай түрі жүзеге асырылғанын тауып көр. Сөйлеу түрі мен оған сөйкес тапсырманың тұсына «+» таңбасын қой.

Сөйлеу түрлері	6-жаттығу	7-жаттығу	
		1-тапсырма	2-тапсырма
ауызша			
жазбаша			



9. Оқы. Мәтінді оқуда сөйлеудің қай түрін қолданасың?

Алматы қаласынан 70 шақырым жерде «Таңбалы тас» деген жер бар. «**Таңбалы тас**» бірнеше жылғалардан*, өзектерден* тұрады. «**Таңбалы тастың**» жан-жағында сайлар, ішінде күнге әбден күйген жалпақ гранит тас* бар. **Гранит тасқа** таутеке, бұғы, киік, жылқы, бұқа және басқалардың кескіндері* қашалып салынған. Қолдарына ұзын найза ұстап, белдеріне қылыш асынған, кейбіреулері желбіретте ту ұстаған 22 сарбаздың* суреті өте әдемі бейнеленген.

Таңбалы тас

«Аңызға айналған жерлер» кітапшасынан

- Қарамен жазылған сөздер мәтіндегі сөйлемдерді байланыстырып тұрғанына назар аудар. Сол сөздерді басқа сөздермен алмастырып айтып көр.

- Алғашқы адамдар суреттердің көмегімен сөйлеудің қай түрін жүзеге асырды? Ойыңмен бөліс. Ойынды «Жазбаша сөйлеу бірден пайда болған жоқ» сөйлемімен баста.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

10. Сурет бойынша күзде не болатынын әңгімеле. Не болмайтынын айт. Әңгімелеу үшін сөйлеудің қай түрін қолданасың?



- Күз мезгілі бейнеленген сурет бөліктеріне зер салып қара. Осы сурет бойынша 3 сұрақ жаз.



3

Жанды табиғат туралы не білетінімді еске түсіремін

Мәтін




Мәтінге тән белгілерді есімізге түсірейік:

- Мәтіндегі сөйлемдер мағыналық жағынан өзара байланысты болып келеді.
- Мәтінде белгілі бір ой болады.
- Мәтінге ат қоюға болады.



11. Гүл гүлшелерін мәтіннің бұдан басқа да белгілерімен толықтыр.



12. Мәтінді тыңда.

Глобус

Үшінші «А» сыныбында бір Глобус жылап тұр екен.

– Сұмдық-ай!..– деді мұғалім шошып. – Кім сені осыншама жәбірлеген*?

– Шаншаров, – деді де, Глобус қыстыға жылап жіберді. – Ол кеше сабақтың соңында бокс көрсетемін деп мақтанып, менің басымнан төмпештеді*.

– Әй, Шаншаров-ай... – деп кейіді мұғалім. – Глобуста нең бар еді? Қазір бүкіл дүниежүзі бейбітшілік үшін, Жер-Ананың жүрегіне жара салмау үшін күресіп жатқанын білмегенің бе?

дүниежүзі

Орнынан сүйретіле түрегелген Шаншаров ұялғанынан қып-қызыл болып, төмен қарады. Мұғалімнің нені меңзегенін* түсінді.

Нұрғали Оразовтан

- Мәтін кейіпкерлерін сипаттап жаз.
- Мәтіннен тірек сөздерді тап.
- Қарамен жазылған сөйлем туралы өз пікіріңді айт.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

13. Мәтінді оқып, бөліктерді дұрыс қалыпқа келтір.

Зеңгір* аспанда көшіп бара жатқан бұлттар түтінге ұқсайды. Тіпті түтіннен аумайды. Әже немересіне «бұлт» дегенді қалай түсіндірерін білмей, ойланып тұр.

Айым аспанға қарады. Аспанда шарбы бұлт* көшіп барады.

- Әже, аспанға кім түтін жіберді?
 - Бұлт қой ол. Түтін емес.
 - Жоқ, түтін. Өзіңіз дұрыстап қараңызшы.
- Үлкен кісі де көк жүзіне* назар салды*.


Әлсейіт Ақпанбетұлы


көк жүзі

түтін

зеңгір

- *Зеңгір, шарбы бұлт, түтін* сөздерінің мағынасын төмендегі қай дереккөздерден табуға болады?





14. 13-жаттығу мәтініндегі әже мен немересінің диалогін қатесіз көшіріп жаз.

- Диалогті өздерің ауызша жалғастырыңдар.



4

15. Тыңда. Тақырып пен сурет бойынша мәтін мазмұнын болжа.



Торғай

Ерте тұрған Омар атай бақшаны аралап келе жатты. Ол жусанның ығында бүрісіп* отырған бір торғайды көрді. Өзіне әбден жаңбыр өткен. Торғай Омар атайға жасқана* қарады.

Әрі тоңған, әрі қорыққан кішкене құс қалшылдап* тұр. Омар атай торғайды үйіне әкелді. Алдына ыдысқа салып жем әкеп қойды. Торғай жемді жемеді. Атай оның себебін сезіп, сыртқа шығып кетті.



Сәлден кейін терезеден сығаласа, торғай жемді жеп жатыр екен. Үсті де кеуіпті...

Нығмет Ғабдуллиннен

- Сұрақтарға жауап бер.

1. Бақшаны кім аралап келе жатты?
2. Ол нені көрді?
3. Торғай неліктен Омар атайға жалтақтап қарай берді?
4. Оқиға жылдың қай мезгілінде болған деп ойлайсың? Оны неден байқадың?



- Әр сұрақтың жауабы болатын сөздерден тірек сөздер қатарын құра.

16. Тыйым сөздерді көшіріп жаз.

Ауыл жанындағы суда жүзіп жүрген құсты атуға болмайды.

Балапан шығарған құсты атпайды.



- Осы тыйым сөздерге байланысты өз ойыңмен бөліс. Дәлелдеуінде «өйткені», «себебі», «сондықтан» сөздерін пайдалан.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС



17. Орны ауысып кеткен ертегі бөліктерін қалпына келтір.

Қоян

Су бойында жайылып жатқан қойлар қастарынан зымырап өте шыққан қояннан үркіп, тас-талқан болып қашады...

Сонда қоян ойланып:



– Менен де қорқатын хайуанаттар бар екен-ау, – деп көңілі орнына түседі. Кетпей, қайтадан ініне оралады...

Қоян күндегі әдеті бойынша ініне қашып кіреді. Әркім қуа бергеніне қорланып, ол қатты ыза болады.

– Мен көрінген нәрседен сескенем*. Бүйтіп әркімнен бір қорқып жүргенше тезірек аулаққа кетіп қалайын деп тұра кеп жөнеледі...

- Ертегідегі негізгі ойға сәйкес келетін мақалды тауып жаз.

1. Сақтықта қорлық жоқ.
2. Қорыққанға қос көрінер.
3. Жақсы сөз – жарым ырыс.

18. Өлеңді түсініп оқы. Сұраққа жауап бер.

Қанша сәбіз еді?

көжек

Біздің үйде көжек көп,
Іштерінде өжет көп.
Әсіресе бес көжек,
Маған нағыз дос көжек.
Бес көжекке достасқан
Сәбіз бердім қос-қостан.
Бір сәбізім соңында
Қалып қойды қолымда.
Сәбізімді әуелгі
Санап берші ал енді.



Сұлтан Қалиев

- *Көжек, өжет* сөздерінің мағынасын сөздіктерден тауып оқы.





5

19. Мәтін түрлері туралы біліміңді есіңе түсіріп, сызбаны толықтыр.



20. Мәтіндерді оқып, өзара салыстыр.

Ақбөкендер ен даланы мекендейді. Олар топ-тобымен жайылады. Кәрі ақбөкендер қарауылда тұрады. Қауіп төнгенде пысқырып дыбыс шығарады.

Ақбөкен қойға ұқсайды. Бірақ оның басы үлкен. Тұмсығы жалпақтау. Артқы аяқтары қысқалау. Көздері мөп-мөлдір.



- Мәтін түрін анықта. Қайсысы әңгімелеу мәтіні, қайсысы сипаттау мәтіні екенін дәлелде.



21. Мәтін тақырыбына сай келмейтін бөлікті алып тастап, оны қайта құрастырып жаз.

Көптен бері қора сыртында екі таяқ жататын. Екеуі дос еді.

Морж – сойдақ тісті полярлық мақұлық. Ол шаян бақалшықтарын қазып жеп қоректенеді.

Бір күні Қалтай біреуін қазық қып қағып, бұзауын арқандады. Сол-ақ екен, әлгі таяқтың көкірегіне нан пісіп* шыға келді. Өйтпегенде ше? Қазық болып, пайдаға жарады ғой.



Балтабай Әділов

- Құрастырған мәтініңе ат қой.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

22. Мына сөздердің тиістісін қойып өлең құра.

Тоны қандай

Маған қатты

жылы еді
ұнады
жүреді
шығады

Мұз үстінде

Суға сүңгіп

Көмек Ыбыраев

23. Сипаттау мәтінінің сызбасына қара.



- Сызбаның көмегімен қойды сипаттап жаз. Ол үшін оның ерекше белгілерін санамалап көрсет: мінез-қасиеті (жуас), бойы (аласа), ерекше белгісі (жүні қалың).



24. Тақырып пен суретке қарап, өлеңнің мазмұнын болжа. Сонан соң өлеңді оқы.

6

Бүркіт

Бүркіт ірі, қайратты,
Сұлу әрі айбатты.
Көтеріліп тым биік,
Көзбен шолар аймақты.

Бүрген жерін жұлады,
Жүректі әрі қырағы.
Бүркіт – алғыр, текті құс,
Ең мықтысы – қыраны!



Серікбай Оспанов

- Оқыған өлеңнің сипаттау мәтіні екенін дәлелде.



25. Мәтінді оқып, оны жоғарыдағы мәтін түрімен салыстыр: ұқсастығы мен айырмашылығы неде? Зат қайсысында нақты, қайсысында бейнелі суреттелген?



Қыран бейнесі – еркіндік белгісі. Ол биік арманды білдіреді. Оның мәні – әлемдік өркениетке ұмтылу, жету ниеті деген сөз. Аяқтан шалғысы келетіндерді топшысымен қағып, ерен қайрат көрсету бейнесі.

«Елтану әліппесі» кітабынан

- Мәтіннің соңғы сөйлемін жаз.



Назар аудар!

Зат ғылыми мәтінде нақты, ал көркем мәтінде бейнелі суреттеледі.

Ғылыми мәтінде заттың қайда кездесетіні, сыртқы бейнесі (түрі), адамның қалай пайдаланатыны ескеріледі.

26. Жаңылтпашты жатқа жаз.

Атам томағаламаған бүркітті
Мен томағаламағанда,
Кім томағалайды?

«Ақ сандық, көк сандық» кітабынан

- *Томағала** сөзінің мағынасын дереккөздерден біліп ал.



7

27. Мәтінді оқып, не туралы екенін анықта. Ат қой.

Бұл құстың аты – қызғыш. Ол дала-лы жерде мекендейді. Қызғыштың мойны қара жасылдау. Ал арқасы жылтыр. Бауыры мен екі бүйірі ақ түсті. Қанаты жалпақ. Тұмсығы түзу әрі қысқа болып келеді.



Қызғыш жауынқұртпен, ұсақ қоңыздармен қоректенеді, зиянды шыбын-шіркейлерді жеп пайда келтіреді.

«Ол кім? Бұл не?» кітабынан

- Мәтінге жоспар құрып, мазмұндама жаз.



28. Мәтінді оқы.

Үкі – жемін түнде аулайтын жыртқыш құс. Оның басы үлкен, көздері бақырайған, қауырсындары жұмсақ. Ол ұшқанда дыбыссыз қанат қағады.



«Қазақстан құстары» кітапшасынан

- Оқығандарың сипаттау мәтіні екенін дәлелде. Оған ат қой.
- 1. Жыртқыш құс. 2. Үкінің түр-түсі. 3. Оның пайдасы.

Осы жоспар арқылы мәтін бөліктерін талда. Қай бөлік жазылмаған?

- Соңғы бөлікті құрастырып айт.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

29. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Баласын тізіп соңына,
Сүңгіп жүріп үйретті.
Су жұқпайтын тонына
Кім біледі ...?


Нұрғали Оразұлы

30. Мәтінді оқы.

Бір үйрек балапандарымен бірге шұңқырдың жанында жүрген. Үйрек барқылдап, балапандар шыр-шыр етеді.

Әсел жүгіріп келіп шұңқырға қа-





раса, ішінде бір балапан жатыр. Арқасымен құлапты, қалай бұлқынса да тұра алмады.

Әсел балапанды шұңқырдан алып шықты. Ол анасы мен балапандарға қарай жүгірді.

«Жыл он екі ай» журналынан

- Мәтіннің өзің қалаған бөлігін көшіріп жаз, оған ат қой.
- Егер біз осы жаттығу мен 29-жаттығудағы мәтін бойынша мультфильм жасайтын болсақ, қай мәтін мазмұнын бір ғана кадрмен немесе бірнеше кадрмен көрсетер едік?



31. Өлеңді рөлге бөліп оқы.

8

– Ау, Түйеқұс,
Түйеқұс!
Неге сонша сұстысың?
Түйемісің?
Құспысың?
Түйе болсаң, «құсың не?»
Ал құс болсаң, «түйең не?»
Бұны қалай түсінем?
Бұдан қандай ой түйем?
– Мен айтайын, білмесең:
Құс ішінде түйедей,
Бар бойым да, түр-денем.
Түйе ішінде түймедей,
Ұшқан құстай жүгірем.
Өрі түйе және құс –
Мен боламын Түйеқұс!



Ермек Өтетілеуұлы

- Өлеңнің пайымдау бөлігін тауып, көшіріп жаз.
- Түйеқұс неге ұша алмайды? Өз пікіріңді білдір.





32. Суреттерге қара, онда не бейнеленген?



• Мына сұрақтарға жауап бер:

1. Бала орманнан не тауып алды?
2. Қоянның аяғына не болды?
3. Бала оған қандай қамқорлық жасады?
4. Қоян жазылғаннан кейін оны қайда апарды?
5. Бала қоянға неліктен көмектесті?

Керекті сөздер: бірде, көрді, аяғы сыныпты, әкелді, таңды, емдеді, тамақ берді, жазылды, еркіне жіберді.



• Суреттер мен сұрақтар бойынша әңгіме құра және оған ат қой. Керекті сөздерді пайдалан.

- Құраған әңгімеңді жаз.
- Өзің хайуанаттарға немесе құстарға қамқорлық жасап көрдің бе?

33. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, жұмбақты көшіріп жаз. Шешуін тап.

Қалқ...ып ұзын құла...ы,
Елеңдеп қорқып тұрады.



34. Пайымдау мәтінінің бөліктерін тап: дәлелденетін пікір, дәлелдеу және қорытынды пікір. Әр бөліктің арасын байланыстырып тұрған көмекші сөздерді ата.

9

Құмырсқаның қыста қарны ашпайды. Өйткені ол жазда таңертеңнен кешке дейін тапқан азығын илеуіне тасып алады. Сондықтан оны еңбекқор жәндік дейді.

35. Мәтінді оқы.

Бал арасы табиғатта өздігінен тіршілік етеді. Гүл шырынын сорып, бал жинайды.

Адамдар бал арасын балы үшін қолда асырайды.

Бал арасын «еңбекқор жәндік» деп атайды. Өйткені олар өте кішкентай екеніне қарамастан, үлкен жұмыстар атқарады.

- Мәтін не туралы? Оған ат қой.
- Бал арасын неліктен «еңбекқор жәндік» деп атайды?
- Мәтіннің пайымдау бөлігін көшіріп жаз.

36. Пайымдау мәтінінің бөліктерін (дәлелдеу пікірі, қорытынды) тауып, сызбамен көрсет.

Адам үстіме мінсе, мен алысын жақын етемін. Адамдар күшімді көреді, сүтімді ішеді. Олар қылымнан арқан еседі. Сондықтан жыл ағасы мен боламын.

- Бұл қай кейіпкер?

37. Пайымдау мәтінінің бөліктерін тиісті сөздерді қою арқылы байланыстыр.

Қоянның көздері шарасынан шығып, бадырайып тұрады. ... ол қарсы алдындағыны ғана емес, екі қапталындағыны, сондай-ақ арт жағындағысын да бір мезгілде көре алады.



**Жанды табиғат туралы мазмұндай аламын****10****Мәтін және оның түрлері**

38. Ұқсас тақырыпта берілген мәтіндерді салыстыр.

Ит – жақсы дос

Бір баланың иті болыпты. Баланың аты – Талғат, итінің аты Ақтөс екен. Талғат балаларға: «Ақтөстің пайдасы жоқ», – депті. Балалар күліп: «Біздің итіміз жақсы. Үйді күзетеді, пайдалы», – дейді.

Бірде Талғат орман ішімен келе жатып бір қасқырды көріп, қорыққаннан айқайлап жібереді. Оны Ақтөс естіп, жүгіріп келеді. Ақтөстің аф-аф деп үргенінен қасқыр қаша жөнеледі. Талғат оның көмектескеніне риза болады. Содан кейін Талғат Ақтөспен жақсы дос болып кетіпті.

«Жыл он екі ай» журналынан

● Мәтіннің атына назар аудар. Ол негізгі ойдың қысқаша атауы екенін дәлелде.

- Тыңдалған мәтіндегі ақпараттың дұрыс-бұрысын анықта:
- Ақтөстің пайдасы бар.
- Ит үйді күзетпейді, пайдасыз.
- Ақтөс Талғатқа көмектеспеді.
- Талғат оған қатты ренжіді.
- Ит пен адам дос бола алмайды.

39. Мәтінді қатесіз әрі көркем жаз.

Ит

Адам баласының ең бірінші қолға үйреткен жануары – ит. Ол – адамға ең үйірсек жануар.



Иттер жоғалған нәрсені табуға өте қа-
білетті. Олар үй-жайды жақсы күзетеді.

қабілетті

- Ит туралы оқылған осы екі мәтінді салыстыр: ұқсастығы мен айырмашылығын тап. Қай мәтінде ит туралы нақты фактілер берілген? Қайсысы көркем мәтін?
- Суреттегі иттер туралы энциклопедиядан ақпарат тауып оқы.



40. Төмендегі екі мәтінді салыстыр. Ұқсастығы неде? Айыр-
машылығы ше?

Бақа құрлықта да, суда да тіршілік етеді. Сондық-
тан оны ғалымдар *қосмекенді* деп атайды.

- Ғылыми мәтін екенін дәлелде.
- Бұл әңгімелеу мәтіні ме, әлде пайымдау мәтіні ме? Өз жа-
уабыңды дәлелде.
- Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Сулы жерді мекендеп,
Құрлықта да секеңдеп,
Шыбын-шіркей аңдиды,
Жемге қашан жетем деп.



- Жұмбақтың көркем шығарма екенін дәлелде.



41. Мәтінді түсініп оқы.

11

Ағаш ек

Адам таза ауамен дем алады. Адам демінен шыққан ауа қайта жұтуға жарамайды.

Ал, таза ауа қайдан келеді деп ойлайсыңдар? Таза ауа ешқайдан да келмейді. Айналамыздағы ағаштар жарамсыз ауаны жұтып, өзі үшін қажетті иісті ұстап қалып, онымен қоректенеді де, ауаны тазартады.

Үйлердің айналасында, көшеде, аулада өсіп, жапырақ жайып тұрған ағаш неғұрлым көп болса, ауа да соғұрлым таза болады.

Таза ауамен дем алған адамның дені сау, көңілі хош болып, ұзақ өмір сүреді. Сол себептен бабаларымыз: «Өмір жасыңды ұзартқың келсе, ағаш ек» деп өсиет айтқан.

Спандияр Ақеев

- Мәтін не туралы? Мазмұнын айт.
- Мәтіндегі негізгі ойды анықта.
- Мәтіннің түрін және бөліктерін анықта.
- Мәтін неліктен «Ағаш ек» деп аталған? Қалай ойлайсың?
- Бабаларымыздың өсиет сөзін көшіріп жаз.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

42. Ұйқасын тауып жаз.

Аң мен құсқа қорған
Болған қалың о... .


Құлпырып көк өсер,
Құйған сайын н... .

Тұрысбек Еділбаев

- Жазған өлең бойынша өзіндік ой тұжырым жаса.

43. «Табиғатты қорғау үшін не істеу керек?» тақырыбында пікір білдіруге арналған сұрақтар құрастыр.

44. Сөздерді мағынасына қарай орналастырып, өлеңді оқы.



- Өлеңнің мағынасын топта талқыла.



12

45. Өлеңдегі көп нүктенің орнына 29-беттегі қажетті сөздерді қойып оқы.

Қаз бен Ит

Байлаулы Ит

Қазға:

– Сен неге жүзбейсің? – деді.

Қаз:

– Сен неге ...? – деді.


– Ендеше жүр.

Менің орныма



Ит қазды шынжырлап матады,
 Ал өзі өзенге түсіп
 Күн батады,
 Ит суықтан
 Әбден
 Қаздың мойнына
 Шынжыр әбден
 Бір кезде
 Қаздың дауысы шықты: ...-...
 Иттің дауысы шықты: ...-...
 Қаздың шынжыр мойнын
 Ит суға малшынып,
 Көрді сыйды.
 Содан бері
 Итті көрсе, қаз қашады,
 Қазды көрсе, ит

Жақан Смақовтан



Қажетті сөздер: қиды, тұр, батады, шаңқ-шаңқ, үрмейсің, жатады, қаңқ-қаңқ, қашады, қатады.

- Өлең мазмұнын өз сөзіңмен айтып бер.
- Өлеңдегі негізгі ойды анықта.
- Өлең мазмұнына өз пікіріңді білдір.

46. Жоғарыдағы өлең мазмұнын ашатын мақалды тауып жаз.

1. Күшіңе сенбе, ісіңе сен.
2. Бірлік болмай, тірлік болмас.
3. Өлін білмеген әлек.

- Неліктен сол мақалды таңдағаныңды дәлелде.

47. «Менің ең жақын досым» тақырыбында пайымдау мәтінін жаз.

48. Мәтінді түсініп оқы. Мәтіннің жанрын (ғылыми, көркем) ажырат.

Қоңыр аю – жыртқыш аң. Көбіне өсімдікпен қоректенеді. Егер адам өзі соқтықпаса, өздігінен тиіспейді. Оның бір ерекшелігі – ақылдылығы. Егер қақпанға түссе, артқы аяғының көмегімен босанып, қашып кетеді де, екінші рет темір иісі шыққан жерге жоламайды. Екіншісі – иіс сезгіштігі. Дымқылданған жалпақ тұмсығы кез келген иісті тез айырады.

(«Қазақстан жануарлары» кітапшасынан)

- Әдеби кітаптар мен журналдардан осы тақырыпта көркем мәтін тауып жаз.





49. Мәтінді тыңда.

13

Құмырсқаның пайдасы

Құмырсқа – ұйымдасып, жабыла жұмыс істейтін жәндік. Құмырсқалар ұйымшыл келеді. Орманда жүріп ада-сып кетсеңіз, құмырсқаның илеуіне қа-рап бағыт-бағдарды анықтап алуға бо-лады. Өйткені құмырсқалар өз илеуін тек солтүстікке қаратып салады екен. Олар өлген шыбын-шіркейді, басқа да зиянды заттарды жеп, қоршаған ортаны та-зартып, табиғатқа көп пайда келтіреді. Сондықтан олардың илеуін бұзбаған, баспаған дұрыс. Қайта олар-ды қорғау керек.

илеу

зиян

«Балдырған» журналынан

- Мәтіннен тірек сөздерді тап.
- Сызба бойынша мәтін бөліктерін тап.



- Ғылыми мәтін екенін дәлелде.





ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

50. Сөйлемдердің жалғасын тауып, көшіріп жаз.

1. Құмырсқа – пайдалы жәндік, өйткені ...
2. Ауа тазарды, себебі ...
3. Дала аппақ, өйткені ...


51. Сөзжұмбақты шеш.

Көлденеңінен:

1. Қанаты жоқ – ұшады,
Аяғы жоқ – желеді,
Аузы жоқ – ұлиды.
2. Тама-тама тас тескен.

Тігінен:

3. Көк көрпенің мақтасы
Әр жерде жүр бытырап.
4. Көзге ілінбейді,
Жұтсаң білінбейді.



52. Мәтінді оқы.

14

Балалар мысықты таспен ұрып қуалап жүрді. Біреуі мысықты ұстап алды. Екіншісі оның мойнына жіп байлап, сүйремеңкі болды.

Бәрін көріп тұрған Әлима әже балаларға ұрсып, мысықты босаттырды. Сосын бөріне:

– Іштеріңде жібі түзу бір бала болсайшы! – деп кейіді*.

«Жібі түзу» деп дұрыс жүретін, тәртіпті, адамгершілігі бар адамды айтады.

Фарица Оңғарсынова



- Мәтін не туралы? Мазмұнын айт.
- Мәтінге ат қой.
- Мәтіндегі негізгі ойды анықта.
- Балалар нені дұрыс істемеді? Олардың әрекетіне өз пікіріңді жаз.

53. Мақалдарды көркем жаз.

1. Әдепті бала – арлы бала.
Әдепсіз бала – сорлы бала.


2. Әдепсіз өскен адамнан
Тәртіппен өскен тал жақсы.



- Мақалдардың мағынасын топта талқыла.



54. Сызба бойынша әңгімелеу мәтінін құра. Құрағаның көркем мәтін екенін дәлелде.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС



55. Жоспар мен суреттердің көмегімен «Жанды табиғат өлі табиғатқа айналуы мүмкін» тақырыбында көпшілік алдында сөйлеуге дайындал.



- Жоспарды толықтыр.

1. Жанды табиғаттың өлу себептері.

2. ...

3. ...



15

Сөйлеу мәдениетіне үйренемін

56. Өлеңді мұқият тыңда.

**Жылы жүрек, тәтті тіл,
Берекені берер, біл.
Ащы сөзді*** – өзімшіл,
Өнері оның қалар тұл*.
Қатесін тапсаң, **жұмсақ айт,**
Ызаланбай, сабыр қыл.

жүрек

Шәкәрім Құдайбердіұлы

- Өлең не туралы? Ат қой.
- Қарамен жазылғандардың антонимдік тіркестерін тауып көр.
- *Ащы сөзді* тіркесін қандай сөздермен алмастырып айтуға болады? Араларында дәрекі сөйлейтін балалар кездесе ме?
- Өлеңді жатқа жаз.
- Өлеңнің соңғы екі қатарын басшылыққа алып, досыңның қатесін түзетуге көмекке кел. Ол үшін «меніңше», «мүмкін болса», «дұрыс болар еді» сөздерін қолданып, өз пікіріңді білдір.

57. Мысалды түсініп оқы.

Үстел үстінде Радио мен Теледидар қатар тұратын. Үй ішіндегілер Теледидарды қызықтайтын. Радионың бұған қатты намысы келетін.

– Сен келдің де, мен ескерусіз қалдым, – дейтін ылғи. Теледидарды атарға оғы жоқ еді. Ал ол болса, бұған еш ашуланбайтын.

– Екеуіміз кезек сөйлейік, – дейтін. – Мен сөйлеп болған соң, сен сөйле.

– Көрсетемін, кезекті, – деді Радио қатты ашуланып. – Тапқан екенсің ақымақты!..

Сөйтті де, Теледидармен қосыла сөйлеп, оны мазақ ете бастады. Тыңдап отырған иесі Радионы өшіріп тастады.

Балтабай Әділов

• Мәтін мазмұны бойынша Теледидар мен Радионы салыстыра сипатта. Қайсысының іс-әрекетін дұрыс емес деп есептейсің? Неліктен?

58. Мәтіндегі ақыл-кеңес қай кезде қолданылатынын айт.

Өзге адамдардың сөзіне рұқсатсыз араласпаған жақсы. Ал ол соншалықты қажет болса, «кешіріңіз» немесе «ғафу етіңіз, сөзіңізді бөлейін деп тұрмын», «сөзіңізді бөлуге бола ма?» деген сөздермен сөйлесіп отырғандардан рұқсат сұраған жөн. Бұл әдептілікті білдіреді.

• Мәтіндегі өтіну әдеп сөздерін қатыстырып, парталасыңмен диалог құра. Құраған диалогінді дәптерге жаз.

59. Көңіл күй лебіздері мен олардың атауын сәйкестендір.

Алғыс

Аман-саумысыз? Сәлем!

Ассалаумағалейкүм! Сәлеметсіз бе?

Құттықтау

Алла разы болсын! Рақмет. Көп жаса!
Өркенің өссін!

Сәлемдесу

Жаса-жаса! Айтқаның келсін! Керемет!
Жарайсың, қызым (ұлым)!

Қошемет, қос-
тау, таңдану

Сау бол! Келесі кездескенше!

Келісу

Әрине ... Иә ... Мақұл ...

Қоштасу

... құттықтаймын! ... тілеймін.



60. Мысалды түсініп оқы.

16 Жер Тауға шағынды.

– Менің үстімде не болып жатыр? Білемісің? Адамдар аяуды қойды. Бетімді бейберекет айғыздап бітті. Тұқымдары құрып біткен аң-құстарым мынау. Сұлап жатқан теректерім анау. Өзендерім суалды, теңіздерім құрғады... Енді менде не қасиет қалды?!

Жердің көз жасы мөлтілдеп, шық* болып құйылды.
Жер жылап жатты...

– Мен қайтейін? – деді Тау күңіреніп. – Бәрін де көріп тұрмын. Бірақ қолымнан не келеді? Өзімнің де халім* мүшкіл.

Тау күрсінді.

Балтабай Әділов

• Мысалдағы негізгі ойды тап. Автор осы мысал арқылы не айтқысы келеді?

• Қарамен жазылған сөздерді басқа сөзбен алмастырып көр.

• Мысалды ары қарай жалғастырып көр. Ол үшін «тау» сөзін «жұбату» сөзімен толықтыр. Үшінші кейіпкерді – Адамды әңгімеге қосып, ол туралы айтылатын ой бөлігінде кешірім сұрау сөздерін қолдан.

• Құраған ой бөлігіңді дәптерге жаз.

61. Мәтінге ат қой.

Ағасы Мирас пен Әлімге алма үлестірді.

Мирас: Рақмет.

Ағасы: Оқасы жоқ.

Ал Әлім үндемеген қалпында тұра берді.

Мирас: Әлім, сен неге рақмет айтпайсың?

Әлім: Ағам «Оқасы жоқ» деді ғой.

• *Оқасы жоқ* деген қандай мағына береді?





- Өлімнің айтқанына келісесің бе? Келіспесең, өз пікіріңді төмендегі сөздермен баста және аяқта.

– Кешіріңіздер. Мен Өліммен келіспеймін. Өйткені ...

62. Журналист 3-сынып оқушыларынан әдептілік туралы сұхбат алды. Балалар төмендегідей пікірлер білдірді.

Сәкен: Адамның әдептілігі асықпай, анық, әдемі сөйлеген сөзінен көрінеді.

Марғұлан: Әдептілік, менің ойымша, әдепті қылықтар мен әдеттер: үлкендерге жол немесе орын беру... .

Әсел: Әдептілік – бұл сиқырлы сөздер. Оған «мархабат», «кешір», «рақмет» сөздері жатады.

Назира: Ең бастысы – бір-бірімізге жылы көзқараспен, әдепті қимылмен, күлімсіреп қарау. Сөйлеушінің көзіне, бет құбылысына мұқият назар аудару – әдептіліктің негізгі белгілері.

Маржан: Әдептілік, меніңше, кез келген жақсы іс-әрекет: кішілерге қамқор болу, үлкендерге көмектесу.

- Қай жауап саған көбірек ұнады? Дәлелде.
- Сен де сұхбатқа қосылып, өз жауабыңды жазбаша білдір.

63. Өз әдептілік деңгейіңді тест тапсырмасын орындау арқылы бағала. Сұраққа «иә», не «кейде», не «жоқ» деп жауап бер.

№	Тест тапсырмалары	иә	кейде	жоқ
1.	Көршілеріңмен үнемі амандасасың ба?			
2.	Тамақ ішіп болғаннан кейін анаңа алғысыңды білдіресің бе?			



3.	Сабаққа кешіккен жағдайда мұғалімнен кешірім сұрайсың ба?			
4.	Абайсызда біреуді қағып кетсең, сен одан кешірім сұрайсың ба?			
5.	Қиын есепті шығаруға көмектескен үлкендерге рақмет айтасың ба?			
6.	Бір нәрсеге келіспеген жағдайда дауысыңды көтермей, бірқалыпты сөйлейсің бе?			
7.	8 наурыз мерекесімен анаңды, әжеңді, өпкеңді құттықтайсың ба?			
8.	Ұйықтар алдында үйдегілерге «Қайырлы түн!» деп айтасың ба?			

Ұпайларыңды сана: «иә» жауабына – 2 ұпай, «кейде» жауабына – 1 ұпай, «жоқ» жауабына – 0 ұпай.

Егер 12-ден 16 ұпайға дейін жинасаң, сенде бәрі дұрыс. Жарайсың!

Егер 8-ден 11 ұпайға дейін жинасаң, сен үнемі әдепті бола алмайсың.

Егер 8 ұпайдан төмен жинасаң, әдепті болуға ұмтылуың керек.



17

НӘТИЖЕ САБАҚ

Мен не үйрендім?

1. Мәтінді мұқият тыңда.

Бұл ай – қыстың хабаршысы*. Бұл айда жердің топырағы тоң* болып қатады. Қара суық* күшейеді. Су бетіне қабыршық мұз* қатады. Күн қысқарып, түн ұзарады. Кей жерлерді қар басады. Кей жерлерде жауған жаңбырдың арты қарға айналады.

Бұл қай ай?

- Мәтінді бөліктерге бөл. Әр бөлікке ат қой.

- Жоспарды толықтыр:

1. Қыстың хабаршысы.

2. Тоң болып қатуы.

3. ...

4. ...

5. ...

- Түсініксіз сөздерді анықта және олардың мағынасын сөздіктен айқында.

Хабаршы, тоң,

- Жоспардың көмегімен мәтіннің мазмұнын жаз.

2. Мәтіндерді түсініп оқы. Әр мәтінге сұрақ қоя отырып, түрін анықта және сәйкестендір.

Лашын қазіргі кезде сирек кездеседі. Табиғатта саны азайып бара жатқан құстардың қатарында. Сондықтан ол біздің елімізде қорғауға алынған.

«Ол кім? Бұл не?» кітабынан

Әңгімелеу
мәтіні



Лашын – сұңқар тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Лашынның ту сырты көк сұр немесе қара сұр, ал алқымы ақ сұрлау болып келеді. Көзі дөп-дөңгелек, қап-қара. Қанаты ұзын және сүйір, саусақтары салалы.

«Ол кім? Бұл не?» кітабынан

Пайымдау
мәтіні

Мен лашынды хайуанаттар бағынан кездестірдім. Ол ұясында отырды. Ол бізден қорыққан да жоқ.

Сипаттау
мәтіні

3. Сынып оқушылары «Күз кереметі» қойылымын қоймақшы. Қойылымның шақыру қағазын дайында. Шақыру мәтінін дәптеріңе толықтырып жаз.



18


Мазмұндама.

ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН (Жарық пен қараңғы)



- Сөйлемнен қаратпа, қыстырма сөздерді табуды және олардың тыныс белгісін дұрыс қоюды;

- э, ф, в, ц әріптері бар сөздерді сауатты жазуды;



- ч, щ әріптері бар сөздердің жазылу емлесін;

- х, һ әріптері бар сөздерді ажыратып жазуды *үйренемін.*



Жақсы мен жаманды айыра білемін

19

Қаратпа сөз

1. Кестедегі сөйлемдерді салыстыр. Олардың мазмұнына, тыныс белгілеріне назар аудар.

Арайлым, сен кітапханаға бардың ба?

Әже, ертегі айтып беріңізші.

Дүкеннен керек заттарды алуды ұмытпа, қызым.

Арайлым кітапханаға барды.

Әжем ертегі айтты.

Қызым дүкеннен керек заттарды алып келді.

- Сөйлемдерді салыстыру барысында не байқадың?

2. Мәтінді мұқият тыңда.

Нұржан кішкентай ағаштың артық бұтақтарын қия бастады. Байқамай, қабығымен қоса діңін* кертіп тастады*.

– Балам-ау, мұның не? Ағашты жарақаттадың ғой, енді ол жылайтын болды.

Нұржан қалт тұрып қалды.

– Қалайша, ағаш та жылай ма?! – деді таңданып.

– Әрине, оның да жаны бар, ол да тіршілік иесі. Оны сезіне білуің керек, – деді бағбан.

«Балдырған» журналынан

- Мәтін не туралы? Мәтінге ат қой.



- Мәтіндегі негізгі ойды білдіретін сөйлемді тауып оқы. Оған өз ойыңды білдір.
- Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр және оны жаз.
- Мәтіндегі қарамен жазылған сөзге назар аудар. Бұл сөз не үшін қолданылып тұр деп ойлайсың?



Тілде біреудің назарын аудару үшін қолданылатын сөздер болады. Ондай сөздерді **қаратпа сөздер** дейді: *Дана, сен хайуанаттар бағына барасың ба?*

3. Мәтінді тиісті дауыс ырғағымен оқы. Қаратпа сөздерді тап.

– Шырағым, Кәмаш, мына Қарасақаудың баласы саған бүлдірген әкеліпті. Өзі бұрын есік ашпаған бала екен. Жақсылап көйлек тігіп кигіз.

– Иә, балам, оқып жүрсің бе?

– Оқып жүрмін, Абай ата.

бүлдірген

Мұхтар Әуезов

- Мәтінді көшіріп жазып, қаратпа сөздердің астын сыз.
- Қаратпа сөздің тыныс белгісіне назар аудар.



Қаратпа сөз үтір арқылы ажыратылады:
Марат, үйдесің бе? Иә, Марат, мен сені күтіп тұрмын. Көп кешікпе, Марат.

4. Орны ауысқан ашықхат бөліктерін қалпына келтір.

Сізге денсаулық, ұзақ өмір тілеймін.

Қымбатты әже!

Сізді туған күніңізбен құттықтаймын!

- Ашықхатты жазып, қаратпа сөздің астын сыз.



20

5. Өлеңді тыңда.

Балақай

- Бүлдірген тереміз, балақай.
- Алақай!
- Ат жарыс көреміз, балақай.
- Алақай!
- Айға ұшып барамыз, балақай.
- Алақай!
- Кел, ағаш жарамыз, балақай.
- Әй, ата-ай!..

Қадыр Мырза Әли

- Өлең мазмұнына сәйкес келетін қаратпа сөзі бар сөйлем сызбасын тап.

1. – , .

2. – , , ?

3. – !

4. – , !

6. Сөйлемді қаратпа сөзбен толықтырып жаз.

1. ..., мені көшеден өткізіп жіберші.

2. Терезені дұрыстап жапшы, ...

3. Иә, ..., оқып жүрсің бе?



7. Мәтінді түсініп оқы.

Кәкеннің демалысы кезінде әкесі:

– Ертең жолға шығамыз, балам, тағы да тауға шығып кетпе, – деді.

– Қайда барамыз, көке? – деді Кәкен.

– Ауылға барамыз, бабаңа сәлем беріп, батасын алып қайтамыз.

– Баба деген кім ол, көке?

– Бабаң – әкеңнің атасы, атаңның әкесі.

Әдібай Табылды

• Мәтіндегі негізгі ойды анықта. Соған байланысты өз ойыңды білдір.

• Мәтіннен маңызды ойды білдіретін сөйлемді тап.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС



8. Сұхбатты оқып, одан әрі жалғастыр.

– Ата, ең қымбат нәрсе не?

– Туған жеріңнен қымбат еш нәрсе жоқ.

– Неге?

– ...

• Сұхбаттағы екінші сөйлемді қаратпа сөзі бар сөйлемге айналдыр.



Жақсы мен жаманды білемін

21

Қыстырма сөздер

9. Кестедегі сөйлемдерді оқып, оларды өзара салыстыр.



1. Әрине, еңбексіз ер де, жер де көгермейді.

2. Биыл, несін айтасың, егіннің шығымы өте жақсы!

3. Меніңше, бұл – өте мықты адам.

4. Мүмкін, сіз оған көмектесерсіз.

1. Еңбексіз ер де, жер де көгермейді.

2. Биыл егіннің шығымы өте жақсы.

3. Бұл – өте мықты адам.

4. Сіз оған көмектесерсіз.

• Сөйлемдердегі қарамен берілген сөздерге назар аудар. Олардың сөйлемге қандай мағына үстеп тұрғанын байқа.

10. Мәтінді тыңда.



Айтыс

Сиыр, ат, ит «Қожамыз қайсымызды жақсы көреді?» деп айтысады.

– Әрине, мені жақсы көреді, – деді ат. – Мен оның отынын, шөбін тасимын, қожаның өзі мініп, керек жерлеріне барады.

– Сөз жоқ, қожа мені жақсы көреді, – деді сиыр. – Мен оның бала-шағасын сүтіммен асыраймын.

– Жоқ, мені жақсы көреді, – деп ырылдады ит. – Мен оның барлық мүлкін және сендерді де күзетемін.

Бұлардың сөзін естіген қожасы:

– Босқа таласпаңдар, сендердің бәрің де маған керексіңдер, – деді.

Спандияр Кәбеевтен



- Айтысқа қандай жануарлар қатысты?
 - а) қой, сиыр, ит;
 - ә) сиыр, ат, ит;
 - б) ешкі, қой, ат.
- Жануарлар не туралы айтысты?
- Қожасының айтқанымен келісесің бе?
- Мәтіндегі қарамен берілген сөздерге назар аудар.



Сөйлемдегі ойға сөйлеушінің әр алуан көз-қарасын (сену, мақұлдау, күмәндану т.б.) білдіретін сөздерді **қыстырма сөздер** деп атайды: *мүмкін, рас, оның ойынша, сірә, шынында.*

11. Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жаз.

1. «Әрине, мені жақсы көреді», – деді ат. «Сөз жоқ, қожа мені жақсы көреді», – деді сиыр.

2. Осының бәрін ол, әрине, жалғыз өзі істей алмайды.

● Қыстырма сөздерді тауып, олардың тыныс белгісіне назар аудар. Қыстырма сөздің тыныс белгісі қалай қойылатынын өзің тұжырымда.





12. Өлеңді мұқият тыңда.

22

Жақсы мен жаман

– Жақсы деген немене?

– Өдеп пенен өнеге:

Үлкендерді сыйлауың,

Ақыл сөзін тыңдауың.

– Жаман деген немене?

– Жаман деген жақсы емес,

Жей қоятын тәтті емес:

Жақсы істерді көрмеуің,

Кішіге көмек бермеуің.

Абдырахман Асылбековтен

- Өлең не туралы? Өлең мазмұнын өз сөзіңмен айтып бер.
- Жақсы мен жаман қылықтар туралы топта талқыла. Талқылау барысында қыстырма сөздерді пайдалан.

Үлгі: Меніңше, үлкендерді сыйлау – жақсы қасиет.

- Өлең мазмұнын ашатын мақал тауып айт.

13. Мақалды жатқа жаз.

Жақсы сөз сүйіндіреді,

Жаман сөз күйіндіреді.

14. Сөйлемдерге тиісті тыныс белгіні қойып, көшіріп жаз.

1. Ол шынында да жақсы бала. 2. Рас ол өте көп біледі. 3. Бұл тапсырманы орындамағансың-ау сірә.

- Қандай тыныс белгісін қойдың? Неліктен?
- Ойыңды дәлелдеуді үйрен:

Бұл – қыстырма сөз, өйткені ...



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС



15. Бауыржан түскі үзілісте асханаға барды. Адам көп екен. Кезекте тұрғандардың арасына кимелеп кіріп кетті. Кезекте тұрғандар реніш білдіріп, Бауыржанға жаратпаған кейіп танытты. Бірақ Бауыржан түк естімегендей тұра берді. Бауыржанның орнында сен болсаң, не істер едің?



Жақсы мен жаманды зерттеймін

23

Ә дыбысы

16. Мәтінді оқы.

ЭКСПО – бүкіләлемдік көрме. Ол ең алғаш Ұлы-британияда өткен.

ЭКСПО-2017 көрмесін Астанада өткізу – Қазақстанның ірі жетістіктерінің бірі. Бұл ТМД елдерінде өткен алғашқы көрме болды.

Көрменің тақырыбы «Болашақтың энергиясы» деп аталды. Онда күн сайын әлемнің көптеген елдерінің әр алуан іс-шаралары өткізілді.

Оның бәрі эфирден көрсетілді.

- Мәтін не туралы?
- Сұрақтарға жазбаша жауап бер:

1. ЭКСПО неліктен бүкіләлемдік көрме деп аталды?
2. ЭКСПО-2017 көрмесі қайда өтті?
3. Көрменің тақырыбы қалай аталды?



- Мәтіннен э дыбысы бар сөздерді тауып жаз. Бұл сөздердің мағынасын дереккөздерден біліп ал.
- «Болашақтың энергиясы» тақырыбында болжам жаса және топта талқыла.



Э – дауысты дыбыс. Ол басқа тілден енген сөздерде және сөздің басында кездеседі: *эфир, эскалатор, экипаж*.

17. Берілген сөздерді қатесіз көшіріп жаз.

Эрмитаж, эстрада, экскаватор, эстафета.

- Өзің э дыбысы бар бірнеше мысал айт. Сол сөздердегі э дыбысын е дыбысы бар сөздермен салыстыр.

18. Көп нүктенің орнына э, е әріптерінің тиістісін қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Көшеде ...лектр шамы жарқырайды. 2. Ұшақ ...кипажсыз орнынан қозғалмайды. 3. Балаларға ...стафета ойнау қызық болды.

- Э дыбысы бар сөздердің мағынасын түсіндір. Осы сөздерге дыбыстық талдау жаса.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

19. «Шынықсаң, шымыр боласың» эстафета жарысына құттықтау сөз дайында. Ол үшін келесі беттегі сурет пен сызбаны пайдалан.




- Суретке қара.



- Құттықтау сөзі шығу үшін, шар ұстаушылардың орнын қалай өзгерткен дұрыс?

- Шарлардағы сөздерді пайдаланып, мына сызбаны толықтыр.





24

В дыбысы

20. Мәтінді оқы.

«Велосипед» сөзі «желаяқ» деген ұғымды білдіреді. Оның түрлері көп. Автомобильдің жүк салғышына сыйып кететін шағын немесе жиналмалы велосипедтер бар. Оларды жолаушылар өзімен бірге трамвай, автобусқа алып кіре береді.

Велосипед қоршаған ортаға қауіпті емес. Велосипед тебу – аяқ бұлшық еттерін жаттықтырып, сені шымыр қылады. Сондықтан оны басты көлігің ретінде таңдауың экологияның жақсаруына қосқан үлесің болып саналады.

- Мәтін не туралы?
- Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырыңдар.
- Мәтіндегі **в** дыбысы бар сөздерді тауып, бұл дыбыстың айтылу ерекшелігін байқа.
- «Велосипед – пайдалы көлік» тақырыбында өз ойыңмен бөліс.




В – ұяң дауыссыз дыбыс. Ол сөздің барлық буынында келе береді: *вагон, автобус, паровоз, Асқаров.*

21. Мәтіннен **в** әрпі бар сөздерді теріп жазып, оларға дыбыстық талдау жаса.



22. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Мен мектепке а...тобуспен барамын. 2. Қыздар волей...ол ойнады. 3. Ұлдар футбол...ол ойнады. 4. Олар ...альс биледі.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

23. Ойлан, тап.

- Жоғарыдағы берілген велосипед суретіндегі \triangle пен \bigcirc санын анықта.
- Велосипед суретіндегі тірек сөздермен сипаттау мәтінін құрастыр.



Ф ДЫБЫСЫ

25

24. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Қос қоржынын артынып,
Қос құлақтай қалқыып,
Тұратын бұл қай әріп?

- Жұмбақтың шешуіндегі әріп қай дыбыстың таңбасы? Ол дыбыс туралы не білесің?

25. Өлеңді жатқа жаз.

Фойеде ел жиналған
Фестивальді тойлады.
Фатима қыз финалда
Флейтада ойнады.



Абдырахман Асылбеков



- Өлеңдегі **ф** дыбысы бар сөздердің мағынасын дереккөздерден қарап, түсіндір.
- Флейта қандай аспап? Тағы қандай музыкалық аспаптарды білесің?
- **Ф** дыбысы бар сөздерді айтып, бұл дыбыстың айтылу ерекшелігін байқа.



Ф – қатаң дауыссыз дыбыс. Ол сөздің барлық буынында келе береді: *фабрика, телефон, телеграф.*

26. Мәтінді тыңда.



Доп ойнаймын деп...

Өскенбайға апасы:

– Балам, күн кешкірді. Бұзауға бар, – деді.

Өскенбай бұзау іздеуге шықты. Ауыл сыртында футбол ойнап жатқан балалардың қасынан өтіп бара жатқан.

– Әй, Өскенбай, мұнда кел! Бізге бір адам жетпей, жеңіліп жатырмыз! – деп айқайлады балалардың біреуі.

«Аздап ойнайын» деп ойлады да, жүгіріп барып, ойынға қосыла кетті. Ойынның қызығына беріліп кеткендіктен, бұзау Өскенбайдың есінен шығып кетті...

Айса Хамзеұлынан

- Мәтін не туралы?



• Мәтін неліктен «Доп ойнаймын деп...» аталған? Сен қандай ат қояр едің?

• Мәтінді өзің жалғастырып, қалай аяқталатынын болжа.



• Төмендегі қай жауап сенің болжауыңа сәйкес келеді? Ойыңмен бөліс.

1. Қараңғы түсіп кетсе де қорықпады.
2. Бұзауды іздемеді, себебі қараңғыда қорықты.
3. Анасы оған ренжіді.
4. Бұзау өзі келді, анасы оған ренжіген жоқ.
5. Өскенбай анасынан кешірім сұрады.



27. Мәтінді оқы.

26

Сөзді және басқа дыбыстарды кез келген қашықтыққа жеткізу үшін америкалық профессор А.Г. Белл 1876 жылы телефонды ойлап тапты.

Тиісті адамыңмен сөйлесу үшін байланыс желісінің екі басында да әрі телефон, әрі микрофон болуы шарт. Микрофон мен телефонды біріктіретін құрылғыны микротелефон деп атайды. Кәдімгі телефон трубкасы деп жүргеніміз – осы. Ол телефон аппаратымен сым арқылы жалғастырылған.

«Ол кім? Бұл не?» кітабынан

- Мәтін не туралы?
- Телефоннан басқа қандай байланыс құралдарын білесің?
- Мәтіннен **ф** дыбысы бар сөздерді тап.
- Досыңа қоғамдық орында ұялы телефонды пайдалану ережесі бойынша нұсқаулық дайында.





28. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. ... «Алматы кілем» ... істейді. 2. Анам ... шәйнекті күтіп ұстайды. 3. ... алдында сөйлеп тұрған Құралай екен.

Керекті сөздер: микрофон, фабрикасында, Фарида, фарфор.

- Ф әрпі бар сөздердің мағынасына назар аудар.
- Фарфордан қандай бұйымдар жасалатынын дереккөздерден біліп ал.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

29. «Сиқырлы телефон» ойынын ойнайық. Келесі сөз алдыңғы сөздің соңғы дыбысынан басталсын және сөздің құрамында ф дыбысы болатын болсын.

Үлгі: Шкаф – ..., ...,

30. Ребусты шеш.



- Ребустың шешуіндегі сөзді қатыстырып сөйлем құра.



**Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен****27****Ч, щ дыбыстары**

31. Кестедегі сөздерді оқы.

Ш	Щ	Ч
Шағала, шаңғы, шана, оқушы, шаш.	Щётка, щи, плащ, борщ.	Чемпион, чек, карточка.

- Ш, щ, ч дыбыстарын жеке-жеке айтып, өзара салыстыр. Бұл дыбыстардың әртүрлі айтылуы неліктен деп ойлайсың?
- Ш, щ, ч дыбыстары сөздің қай жерінде келетінін айт.
- Кестедегі сөздердің мағынасын түсіндір.

32. Өлеңді мұқият тыңда.

Пиязды ашшы дейміз бе,
Әлде ащы дейміз бе?
Есікті ащы дейміз бе?
Әлде ашшы дейміз бе?

«Ашшы», «ащы» дегеннің
Мәнін ашып берер кім?

«Құйрықты щ» жөнінде
Көңіл қой да, мынаны ұқ:
«Ащы», «тұщы» сөзінде
Қолданылар бұл әріп.

Өтепберген Ақыпбекұлы

- Өлеңде не туралы айтылған?



- Өлеңдегі сұрақтарға жауап беріп көр.
- *Ащы, ашшы* сөздерінің айтылуы мен жазылуын салыстырып, өзің тұжырым жаса.
- **Щ** әрпі қай сөздерде жазылады екен?
- Өлең мазмұнына өз пікіріңді жаз.

33. Мәтінді оқы.

Чукчалар Чукот түбегінде тіршілік етеді. Олардың өз тілінде бұл өңір «Чау-чу» деп аталады. Қазақша «бұғылы жер» дегенді білдіреді. Шынында да, бұл өңірде бұғы өте көп. Бұғыны чукчалар көлік ретінде пайдаланады.

«Негеш» энциклопедиясынан


- Алғашқы екі сөйлемді көшіріп жаз. **Ч** әрпі бар сөздердің астын сыз, олардың жазылуын есте сақта.
- Чукчалар туралы энциклопедиядан біліп ал.



Ч, щ – қатаң дауыссыз дыбыстар. Олар өзге тілден енген сөздерде кездеседі: *чех, чемпион, плащ, борщ*. **Щ** дыбысы қазақ тілінде *ащы, тұщы* сөздерінде ғана қолданылады.

34. Өлеңді оқып, сұрақтың жауабын айт.

Чемпион болып бокстан,
Көтерілдім тұғырға.



Көрдi әлем биiктен
Қазақстан туын да.
Бұл қайсы әрiп?

- Өлең не туралы? Мазмұнын өз сөзiңмен айт.
- Чемпион деп кiмдi айтады?
- Қандай чемпиондарды бiлесiң?
- Қазақстаннан шыққан әлем чемпиондары жайлы ақпарат жина.
- Чемпион болу үшін не iстеу керек деп ойлайсың? Өз ойыңмен бөліс.



35. Мәтінді тыңда.

28

Жақсы мен жаман



Диқан атызға бір түп гүл
өкеліп отырғызды. Гүл күн-
күнге тамыр жайып, гу-
леп өсе берді.

Бір күні:

– Әй, сен көп асқақтама!
Әлі өмірге келгеніңе өкіне-
тін боласың, – деген дауысқа
жалт қараса, төменде ұсқын-
сыз тырбық шөп басын
қылтитып тұр екен.

Гүлдің көңілі ортайып,
жабырқап қалды. Бірте-бірте
солып, сарғая бастады. Амалсыз жанындағы өзінен
жасы үлкен гүлге басын сүйеді.



– Жабырқама! Сабыр ет! – деп жұбатты ол. – Адамдар оны «арамшөп» деп атайды. Одан әлі-ақ құтыламыз. Жамандардың өмірі қашан да қысқа. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген ғой.

Үлкен гүлдің айтқаны рас болды. Ертеңіне адам келді де, арамшөпті тамырымен бірге жұлып тастады.

Гүл қайтадан құлпырып өсті. Көп сырды ұқты. Өмірде жақсылар да, жамандар да бар екен.



Балтабай Әділов

- Мәтіндегі негізгі ойды анықта.
- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңмен пікірлес.
- «Жақсы сөз – жарым ырыс» мақалы бойынша өзіңше ой тұжырым жаса.
- Мәтінге жоспар құр.
- Құрған жоспарың бойынша мазмұндама жаз.

36. Мақалды көркем жаз.

Ащыны білмеген тәттіні де білмейді.

- Мақалдың мазмұнын қалай түсінгеніңді айт.



37. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Аспаз бор... пісірді. 2. Тісті күніне екі рет ...ёткамен тазалау керек.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

38. Құрамында **ч**, **щ** дыбыстары бар сөздер тауып айт. **Ч** дыбысы бар сөздерді себетке, **щ** дыбысы бар сөздерді жәшікке орналастыр.



Ц дыбысы

29 39. Мәтінді оқы.

Цирк – өнердің өте ертеден келе жатқан түрі.

Цирктің көшпелі және тұрақты түрлері болады. Үнемі көшіп жүретін цирк көшпелі цирк деп аталады.

Алматыда бір тұрақты цирк бар. Онда акробаттар мен шабандоздар, күлкілі клоундар өнер көрсетеді.

- Мәтін не туралы?
- Мәтін неше бөліктен тұрады? Әр бөлікте не туралы айтылған?
- Клоундар неге күлкілі болады деп ойлайсың?
- Циркке барғанды ұнатасың ба? Неліктен?



- «Акробаттар», «Шабандоздар», «Клоундар» тақырыбы бойынша олардың цирктегі атқаратын қызметтерін топта талқылаңдар.

- Ц дыбысы бар сөзді тап. Оның айтылуына назар аудар.
- Ц және с дыбыстарын өзара салыстыр.



40. «Цирк қызықтары» тақырыбында өзің көрген оқиға туралы жаз.

41. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Анасы балаларын ...иркке апарды. 2. Үй салуға ...емент өте қажет. 3. Биыл әр гектардан ондаған ...ент-нер күріш жиналды. 4. Ол мото...икл жүргізуді үйренді.

- Ц әрпі бар сөздерге дыбыстық талдау жаса.



Ц – қатаң дауыссыз дыбыс. Ол басқа тілден енген сөздерде кездеседі: *цех, цемент.*


ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

42. Келесі беттегі сөзжұмбақты шеш.

1. Ата Заң.
2. Өлшем бірлігі.
3. Сахнадағы ән, би кеші.
4. Санның таңбасы.



5. Көлік түрі.
6. Оқу құралы.
7. Ойын көрсетілетін орын.



- Сөздерді қатесіз жазып, жазылуын есте сақта.
- Сөздерді қатыстырып сөйлем құра.



30

Х, һ дыбыстары

43. Кестедегі сөздерді оқы.

Қ	Х	Һ
Қала, құрал, қырман, қағаз, қайық.	Халық, хикая, хан, хат, хабар.	Қаһарман, жиһаз, Гауһар, жиһангер.

- Қ, х, һ дыбыстарының айтылуын өзара салыстыр. Олардың айтылуындағы ерекшелікті байқа.
- Х, һ әріптері бар сөздерді көшіріп жаз. Олардың жазылуын есте сақта.



Х, һ – қатаң дауыссыз дыбыстар. **Х** сөздің басында және ортасында кездеседі: *хан, саяхат*.
Һ сөздің ортасы мен соңында кездеседі: *ғауһар, мәшһүр, моһ-моһ*.

44. Мәтінді тыңда.

Ізет

Сәбира әжей немересі Хадишамен көшеде келе жатқан. Алдарынан бір жас жігіт шыға келді. Сәбира әжей оны күтіп тұрды.

– Әже, өте беріңіз, – деді жігіт.

– Жоқ, сен өт, балам. Жол сенікі.

Жігіт өтіп кетті. Хадиша әжесіне ренжіді: «Өзінен кіші жігітке жол бергені несі?»

– Әйел адам ер кісінің жолын кесіп өтпес болар, қызым. Ата-бабадан қалған салт солай, – деді әжей немересінің ойын сезгендей. Хадиша ойланып қалды.

«Жыл он екі ай» кітабынан

• Мәтін неліктен «Ізет» деп аталған деп ойлайсың? Өз ойларыңды айт.


• Өзіңнің үлкен адамдарға жол бермеген кезің болды ма?

45. Сөздерді көшіріп жаз.

Жаһан, қаһарман, мархабат, халық, хоккей, ханта-лапай, қала, қырман, қағаз.

- Сөздердің мағынасын түсіндір. Түсініксіз сөздердің мағынасын түсіндірме сөздіктен біліп ал.
- Өзің қалаған сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

46. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып, жаңа сөздер жаса.



- Бұл сөздердің мағынасын түсіндір.



31

47. Өлеңді мәнерлеп оқы.



Ғылым жолын таңдаған,
Мұратынан танбаған.
Қараңғыда халқына
Жарық іздеп талмаған.

Сан өлкені барлаған,
Тарих төрін шарлаған.
Ақылы мен білімін
Туған елге арнаған.

Несіпбек Айтөв

- Шоқан туралы не білесің?
- X әрпі бар сөздерді теріп жаз.



- Өлеңнен өзіңе мағынасы түсініксіз сөздерді тауып көр. Сол сөздердің мағынасын түсіндірме сөздіктен біліп ал.

48. Мақалдарды жатқа жаз.

1. Халықтың ортақ үйі – Отаны.
2. Қаһарлы ел қамал бұзады.

- Мақалдардың мәнін түсіндір.

49. Суреттерге қара.



- Кітапханадан кітапты қандай жолмен табасың? Кітап авторларының көрсеткішін пайдаланасың ба? Бірлесіп талқылап көріңдер.



50. Жаңылтпашты жатқа айт.



Хакім хат ашып отыр.
Хат ашып, шатасып отыр.

Бейсебай Кірісбайұлы



Сөйлеу мәдениетіне үйренемін

32 51. Суреттерге қара.



● Балалардың қайсысы әдептілікті сақтамады деп ойлайсың?

● Жаяу жүргіншілер жолында неліктен ролик тебуге болмайтынын дәлелде.

● Көліктен шығар кезде жолаушыларға айтатын сөздерді таңда:

- Менің шығуым керек.
- Өтіп кетуге бола ма?
- Келесі аялдамада түсесіз бе?
- Өтінемін, өтіп кетуіме бола ма?

52. Қоғамдық көлікте өзін қалай ұстау керектігі туралы ережені толықтырып жаз.



1. Үлкендер мен балалы әйелдерге орын беру керек.
2. ...
3. ...
4. ...

- Өзіңнің осы ережені бұзған кезің болды ма?
- Үлкендерге орын бермеген балаларға қандай ақыл айтар едің?



53. Өлеңді оқы.

Балақайды жұбатып ек,
 Апай айтты: «Рақмет!»
 Малды өріске ұзатып* ек,
 Атай айтты: «Рақмет!»
 Көк шыбықты құлатып ек,
 Айтпады ешкім «Рақмет!»

Бейсебай Кірісбайұлы

- Өлең не туралы?
- «Рақмет!» деп қай кезде айтады, қандай жағдайда айтпайды? Өз ойыңмен бөліс.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

54. Көшіріп жазып, өзің қалаған сөздермен диалог құра.



Рұқсат етіңіз, мархабат етіңіз, мүмкін болса, ренжімесеніз, мақұл, қалауыңыз білсін.

- Бұлардан басқа әдептілікті білдіретін қандай сөздерді білесің?



33

НӘТИЖЕ САБАҚ

Мен не үйрендім?

1. Мәтінді мұқият тыңда.

Хиуаз Доспанова Ұлы Отан соғысына қатысқан. Ол – қазақтың тұңғыш ұшқыш қызы.

Хиуаз әуеге 300 рет ұшып шығып, Кубань, Қырым, Украина, Белоруссия, Германия жерлеріндегі жау бекіністерін бомбалаған.

Хиуаз Доспанованың ерлігі дәріптеліп, ол туралы бірнеше кітап жазылды. Жауынгерлік еңбегі үшін «Халық қаһарманы» атағы берілді.

«Ана тілі» газетінен

- Хиуаз Доспанова туралы білетініңді айт.
- **Х, һ** әріптері бар сөздерді тауып, осы сөздерге дыбыстық талдау жаса.

2. Кітапханашы хабарландыру жазды. Сиқыршы мәтіндегі сөздердің орнын ауыстырып жіберді. Хабарландыруды сөздерді тиісті орнына қою арқылы жаз. Тыныс белгілерін қой.

Оқушылар назарына!


1. білесің бе Сен
2. тұңғыш кім ұшқыш қазақ қызы
3. туралы келе ме білгің ол
4. кітапханаға кел онда

Кітапханашы





3. Тірек сөздер арқылы құрастыратын мәтінің не туралы екенін болжа.



- Жұбыңмен тілші мен көрермен рөлінде сұхбатқа түс.



34

Шығарма.



35–36

Бақылау диктанты.

УАҚЫТ



Басшы – [башшы]
 Әмия басына
 тақия киді.
 Біз Булақ басын-
 да кездестік.
 татулық, әнші

- Сөз мағынасы туралы білетінімді *еске түсіремін*.
- Сөз ішінде қатар келген дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айтуды;
- сөздің тура және ауыспалы мағынасын ажыратуды, оларды сөйлеуде қолдануды;
- мәтіннен түбірлес сөздерді табуды;
- туынды сөз жасауды;
- сөздіктермен жұмыс жасауды;
- өмірбаян жазуды *үйренемін*.



Уақыт туралы не білемін?

37

Дыбыстардың үндесуі

1. Ертегіні тыңда.

Таңды* іздеу

Бір адам өз жұмысымен алыс сапарға аттанады. Қараңғы түсе бастағанда бір үйге жетіп, қонуға рұқсат сұрайды. Үй иелері қонақты құшақ жая қарсы алады. Алайда олар кешкі тамақтан соң бір жаққа жинала бастайды.

– Мына қараңғы түнде қайда барасыздар? – деп сұрайды жолаушы.

– Біз таңды іздейміз, – дейді үй иесі.

қараңғы

Олар қолдарына бір-бір бос қап ұстап, үйден шығады. Сондарынан қонақ та кетеді.

Бірнеше сағат өткенде алаулап таң ата бастайды. Бір кезде әлгілер қаптарын ашып, таңның жарығын қапқа салған сияқты қимыл жасап, артынша аузын буып, кері қайтады. Олар үйге қайтып оралғанда таң да атады. Үй иелері қаптарының аузын ашып, оны сілкіп-сілкіп жібереді. Таңдана қараған жолаушыға:

– Біз таңды алып келдік. Өзіңізге айтып едік қой, – дейді олар.

Қайтар жолында әлгі қонақ инабатты* үй иелеріне бір өтеш алып келеді.

– Бұл құстың аты – өтеш. Оның бірінші шақырғаны – «таң әлі алыс» дегені, екінші шақырғаны – «таңның жақындағаны», ал үшінші шақырғанда, таң өзі аулаға кіріп келе жатады, – дейді жолаушы. Сол кезде өтеш

«ку-ка-ре-ку» деп шақырып жібереді. Үй иелері оны қабылдап алып, жолаушыға алғыстарын айтады.

*Бразилия ертегісі
Аударған Шәкен Күмісбаев*

- Ертегі не туралы? Ондағы негізгі ойды анықта.
- Ертегі неліктен «Таңды іздеу» деп аталған деп ойлайсың? Өз пікіріңмен бөліс.
- «Қараңғы түн», «таң» сөздерінің мағынасын дереккөздерден біліп ал.
- Төмендегі суреттердің қайсылары ертегі мазмұнына сәйкес келеді? Өз ойыңды дәлелде.






2. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Секунды жоқ
«Тық-тық» еткен.
Есесіне
«Қыт-қыт» еткен.
Қанаты бар,
Сағаты бар.

Ескен Елубай

3. Сөздерді оқып, көшіріп жаз.

Басшы, теңізші, түнгі, көкжиек, сөнбеді, жанбады, орынбасар.



• Сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстыр.

Үлгі: Жазылуы
басшы

Айтылуы
башшы



Қатар тұрған дауыссыз дыбыстар бір-біріне әсер етіп, айтылуда өзгереді: *жауынгер – жауыңгер, сенбі – сембі.*

4. Тыйым сөздерді көшіріп жаз.

Күн батар алдында ұйықтауға болмайды. Өйткені бұл жаман ырымға саналады. Үйге кешке немесе түнде «Кеш жарық!» деп ену керек.





5. Өлеңді оқы.

38

Дүйсенбіде –
басы ауырып жатты,
Сейсенбіде –
іші ауырды қатты.
Сәрсенбіде –
аяғы ақсады.
Бейсенбіде –
азу тісі қақсады.
Жұма күні –
жөтел қысып,
Сенбі күні –
тобығы тайыпты...
Ал жексенбіде –
құлан-таза айықты.
Сонда оның сырқатын
қалай атау лайықты?

Марат Нұрқалиев

- Өлеңде қандай бала суреттелген деп ойлайсың?
- Ол неліктен жексенбі күні ауырып қалмады? Ойыңды бөліс.
- Өзің жексенбі күнді қалай өткізесің?
- Өлең кейіпкері туралы өз пікіріңді айт.
- Өлеңдегі қарамен жазылған сөздерге назар аудар. Олардың айтылуы мен жазылуын салыстыр.

6. Кестені толтыр.

Ұлдар	Қыздар
Дүйсенбек,	Жұмагүл,

- *Дүйсенбек, Жұмагүл* деп ат қою себебі неде деп ойлайсың?

7. Ойлан, тап.

1. Жарты жылда неше ай бар?
2. Неше айдың аты «р» әрпіне аяқталады?
3. Қай айда 28 күн бар?
4. Сенбінің алдында келетін апта күнін ата.
5. Сенбіден кейін үш күн өтті. Ол қай күн?


- Тапқан жауаптарыңды жаз.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

8. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Ағайынды жетеуінің
Жұмысы бар бесеуінің,
Жұмысы жоқ екеуінің.

- Сызбадағы апта күндерін ата және сол күндері не істегеніңді әңгімеле.



Сағаттың шығу тарихын зерттеймін

39 Тура және ауыспалы мағыналы сөздер

9. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Таңдайы тақ, тақ,
Талмайтын неткен жақ!
Бір өзінде екі тіл,
Сөйлемейді бірақ.



• Жұмбақтағы қарамен берілген сөздерге назар аудар. Бұл сөздер нені білдіреді?

• Тіл сөзі қандай мағыналарда қолданылады?

• *Сағат* не үшін керек?



• Суреттегі сағаттарға қара. Суреттер бойынша сағаттың шығу тарихын болжап көр.

• Отбасы мүшелері қай сағат түрін пайдаланады? Сен өзің қай сағат түрін қолданасың?



10. Берілген сөздер тобын пайдаланып, сөйлем құрап жаз.

Алтын уақыт, алтын сағат.



• Берілген сөздер тобында *алтын* сөзі қандай мағынада қолданылып тұр деп ойлайсың?

• *Алтын уақыт* деп неліктен айтады?




• Өзің уақытты қалай пайдаланасың? Осы сұрақтың жауабын топта талқылауға қатыс.



Сөздер өзінің негізгі мағынасынан басқа мағынада да қолданылады:

тіл — *дене мүшесі* — *тура мағына*
 — *сағаттың тілі* — *ауыспалы мағына*



11. Тиісті тыныс белгісін қойып, өлеңді көшіріп жаз.

Жаз көрпені кісі күт,
Қонақ келсе үйге құт.
Жаз өріпті сандарды,
Жазу – өнер сындарлы*.

«Балдырған» журналынан

- Қарамен берілген сөздердің мағынасын түсіндір.
- Өзің үйге келген қонақты қалай қарсы аласың? Ойыңмен бөліс.



12. Мәтінді оқы.

40

Уақыт есебі

Бір сабақта мұғалім:

– Міне, қазір көктем. Күн ұзарып, түн қысқарып келеді. Енді бір айдан соң, яғни жаз кезінде күн бір сағатқа ұзарады, – дейді.

Бір ай өтеді. Сабақта жыл мезгілдері туралы әңгіме болады. Мұғалім осы сыныпта оқитын Қожанасырды тақтаға шақырып:

– Ал, Қожанасыр, сен айтшы, бір тәулікте қанша сағат бар? – деп сұрайды.

– Басқа мезгілдерде жиырма төрт сағат, ал жаз кезінде жиырма бес сағат бар, – депті.

«Мен оқимын, ойлаймын, ойнаймын» кітабынан

- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой.
- Күн ұзарғанда тәуліктегі сағат саны өзгере ме?
- Қожанасыр нені түсінбеді деп ойлайсың?



- Қожанасырдың орнында болсаң, қалай жауап берер едің?
- Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің қандай мағынада қолданылып тұрғанын түсіндір.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

13. Суретте көрсетілген 12 әріптен 21 сөз шығарып көр. Ол үшін ешқандай әріп тастамай рет-ретімен оқи бер.

- Тапқан сөздеріңді жаз.
- Жазған сөздердің мағынасын түсіндір.



14. Өлеңдегі қарамен берілген *бұрыш* сөзінің екі мағынада қолданылып тұрғанын дәлелде.

Мен таба алмай бұрышты,
Қарадым бар қуысты.
Таусылған соң шыдамым,
Інімнен кеп сұрадым.
Мен іздесем бұрышты,
Көрсетті-ау ол бұрышты.

Өтепберген Ақыпбекұлы

Хронологиялық даталардың көмегімен өмірбаянымды жазамын



Түбір сөз және туынды сөз

41 15. Мәтінді рөлге бөліп оқы.

Атасы Бекжанның білуге деген құштарлығына ерекше ден қояды*. Ылғи жөн сілтеп отырады да, жиі пысықтайды.

- Бекжан, сен кімнің баласысың?
- Атамның баласымын.
- Өзің кімсің?
- Қазақпын.
- Қайда тудың?
- Алматы қаласында.
- Сен қай тілде сөйлейсің?
- Қазақ тілінде сөйлеймін.
- Отаныңды білесің бе?
- Білемін, менің Отаным – Қазақстан!
- Ержеткенде Отаныңа қызмет етесің бе?
- Барлық күш-жігерімді Отаныма арнаймын!..

Қ. Игілік

- Мәтін арқылы Бекжанның өмірбаянын біле алдың ба?
- Бекжанның өмірбаянын білу үшін сендер қандай сұрақ қояр едіңдер?
- Сұрақ қою үшін төмендегі ақпаратпен таныс.



Өмірбаян дегеніміз – адамдардың өмірі туралы әңгіме. Өмірбаян адамның туған жылы, айы, күнінен басталады. Одан кейін тұрған мекенжайы, отбасында қанша адам тұратыны туралы баяндалады.


өмірбаян

- *Ата – ататай, қазақ – қазақша* сөздерін салыстыр. Олардың мағынасындағы өзгерісті байқа.
- Өз өмірбаяныңды жаз.
- Туған-туысқандарыңды қалай жақсы көресің? Сезіміңді қалай білдіресің? Ым-ишара арқылы көрсет.



16. Суретте берілген жануарлардың атын пайдалану арқылы мәтінді толықтырып жаз.

Халықтың жыл санау есебінде 12 жыл аты бар. Қазақша жыл санау бойынша жылдар былай аталады:



- Тышқанның қалай жыл басы болғанын есіңе түсір.
- Қарамен берілген сөздерге назар аудар, олардың түбірін тап.



Түбір сөзге жұрнақ жалғау арқылы жасалған сөзді туынды сөз дейді: *татулық*, *достық*, *жазушы*.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

17. Ойлан, тап.

Бір үлкен кісі сұраған соң жасымды айтып едім, «Е, қозы жасында* екенсің ғой», – деді.

Түсінбесем де, қайта сұрауға ұялдым. «Қозы жасы» деген нені білдіреді?

- Сұрақтың жауабын сөздіктен біліп ал.



18. Мәтінді оқы.

42

Ұтымды жауап

Болашақ суретші бала бір күні: «13 жыл қой бақтым. Енді оқимын. Таяқ қуат болса да, мұрат емес», – деп, Жаркентке жаяу кетеді.

Жаркентте байларға жалшы болып, аздаған тиын-тебен* табады. Ол ақшасына қағаз, бояу сатып алатын. Әбілхан жиырма бес жасқа келгенде оқу іздеп, Алматыға жол тартады. Оның небары екі сыныптық білімі болды. Атақты суретші Николай Гаврилович Хлудовқа салған суреттерін көрсеткенде, ол баланың өнеріне қайран қалыпты. Сурет салуды қайдан және кім үйреткенін сұрағанда, Әбілхан Қастеев:

«Таудың бұлағынан,
Қойдың құлағынан,
Анамның киізінен,
Ешкімнің мүйізінен», –

мүсін

деп жауап берген екен.

Әміртай Бәриевтен

- Мәтін кім туралы?
- Ә. Қастеев туралы не білесің?



• Ө. Қастеевтің Н.Г. Хлудовқа берген жауабын топта талқыла.
Ол неліктен солай жауап берді?

- Мәтін кімнің атынан баяндалып тұр?
- Мәтіннен туынды сөздерді тап.

19. Мақалдың қатесін түзеп жаз.

білімді жастан ақыл шығар,
Ақылды қарттан нақыл шығар

- Туынды сөздерді тауып, оларды сөз құрамына талда.
- Мақалдың мағынасын қалай түсінгенінді айт.

20. Берілген жұрнақтарды қандай сөздерге қосып жаңа сөз жасауға болады?




- Жаңа сөздердің мағынасын түсіндір.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС



21. Бір дыбыс екі рет қайталанбайтындай етіп жаңа сөз жасап жаз.





Түбірлес сөздер

43 22. Мәтінді тыңда.

Мен, Әбілхан Қастеев, 1904 жылы Алматы облысының Жаркент өңіріндегі Шешін ауылында дүниеге келдім.

Еңбек жолымды 1928 жылы Түрксібте **Түрксіб** қара жұмыстан бастадым.

Николай Хлудовтың студиясында 1929–1932 жылдары оқыдым.

1944 жылы Қазақстанның халық суретшісі атағын алдым. 1945–1956 жылдары Қазақстан Суретшілер одағын басқардым. Өнерден бөлек оқытушылық және қоғамдық жұмыстармен де айналыстым.

- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой.
- Осы мәтінді «Ұтымды жауап» мәтінімен салыстыр. Мәтіндердің ұқсастығы неде? Айырмашылығы ше?
- Досыңнан сұрап алып, оның өмірбаянын айтып бер.
- Мына кесте бойынша әңгімеле.

1904 жылы	1928 жылы	1929–1932 жылдары	1944 жылы	1945–1956 жылдары

- *Сурет – суретші, мал – малыш* сөздерін өзара салыстыр. Олардың түбіріне назар аудар.



Бір түбірден тараған сөздерді **түбірлес сөздер** деп атайды: *біл – білім – білімді – білгіш; өнер – өнерлі – өнерпаз.*

23. Жас атауларын өсу ретіне қарай жүйелеп жаз.
Нәресте, сәби, бөбек, балақай, бүлдіршін, бала.

- Түбірлес сөздерді тап.

бүлдіршін

24. Жаңылтпашты жатқа жаз.

Шежіреші* кісі шежіре* айтты,
Ішіндегі шежіресін шешіле айтты.

Ескен Елубай

- Түбірлес сөздерді тап, олардың мағынасын түсіндірме сөздіктен біліп ал.

25. Суретке қара. Түбірлес сөздерді оқы.



оқу
оқушы
оқулық
оқуға

- Қай сөз түбірлес сөздер тобына жатпайды? Неліктен? Себебін дәлелде.



26. Мәтінді оқы.

сүрегі

44 Ертеде ағашты тұрмыс пен шаруашылыққа жарамдылығына қарай отындық*, кәделік* ағаш деп екі топқа бөлген. Шеберлер ағаштан әртүрлі бұйымдар жасап, кәдеге жаратқан.

Ағашты кескен кезде сүрегіндегі* шеңберлердің санына қарап жасын анықтайды. Олар жасына қарай мынадай түрлерге бөлінеді: балғын*, жас, толық өсіп жетілмеген, толық өсіп жетілген, көп тұрып қалған ағаштар. Балғын, жас ағаштарды кесуге қазақтар «көктей соласың»* деп тыйым салады. Кәрі, құраған ағаштар ғана кесіледі. Мұндай ағаштар отынға пайдаланылады.

Тыйым

«Шаңырақ» кітабынан

- Сұрақтарға жауап бер:

1. Неліктен ағаштар отындық, кәделік болып бөлінеді?

2. Ағаштың жасына қарай қандай түрлері бар?

3. Жас ағашты неге кесуге болмайды?

4. «Көктей соласың» деп неліктен айтады? Себебін топта талқыла.

- Мәтіннен түбірлес сөздерді тап.

• Мәтіннен түсініксіз сөздерді тауып, мағынасын түсіндірме сөздіктен біліп ал.

27. Берілген сөздерден туынды сөздер жасап жаз.

бала
сый
ек



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

28. Ойлан, тап. Суреттегі адамдардың жасына қай ағаш түбірі сәйкес келеді?



29. Сұрақтарға жауап жаз.

1. Күн мен түн теңелетін кез?
2. Ең ұзақ күн қашан болады?
3. Ең ұзақ түн қашан болады?
4. 365 күн неше жылға тең?



Уақыт әлеміне саяхат

45

Түбір мен қосымшаның жазылуы

30. Мәтінді тыңда.

Жоғалтып алған күн

Бірде Витяның ағасына досы келеді. Ол бір күрсініп алып, малақайын лақтырып жіберіп:

– Бір күнімді жоғалтып алдым! – дейді.

Досы кеткеннен кейін Витя ағасынан:

– Күнді жоғалтып алу мүмкін бе? Олар бір-бірінен аумайды ғой! – деп таңданады.

– Уақыт мөлшеріне қарай күндердің бәрі бірдей, бірақ олар бір-бірінен жасалған істер және тындырылған әрекетке байланысты ерекшеленеді, – деп, жауап бере отырып, ағасы ары қарай жалғастырады. – Адам баласының пайдалы іс жасамаған немесе көп білуге қажетті ешқандай әрекеттенбеген күні болса, онда ол бос өткен, жоғалып, жоқ санатында есептелетін күн деп аталады.

Сол күннен бастап Витя ұйықтар алдында бұл күні жасаған істері, білген мағлұматтары жайында үнемі айтатын болды. Сол әңгіменің соңында:

– Бұл күнім босқа кеткен жоқ па? Мен оны жоғалтып алған жоқпын ба? – деп сұрайтын болды.

В. Осеева

Аударған А. Сейсенова



- Мәтін неліктен «Жоғалтып алған күн» деп аталған? Өз ойыңмен бөліс.

- «Егер бір күннің ішінде пайдалы жұмыс бітірмесең, онда бұл күніңді босқа өткіздім деп есептей бер» нақыл сөзінің мәнін топта талқыла.

- Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерге назар аудар. Түбір сөздерге қосымшалардың жуан, жіңішке болып жалғану себебі неде деп ойлайсың?



Түбір сөздің соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымшалар да жуан болады: *адам+дар+дың*.

Түбір сөздің соңғы буыны жіңішке болса, оған жалғанатын қосымшалар да жіңішке болады: *сурет+ші+лер*.

31. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлем құрап жаз.


Уақыт ... (жылжиды, тоқтайды).

Сағат ... (өтеді, жүреді).

Уақыт тез

32. Сурет бойынша әңгіме құра.

- Жұбыңа баянда. Оның құраған мәтініне өз пікіріңді білдір.





46

Уақытыңды бағала

Түбір мен қосымша

33. Мәтінді тыңда.

Бір минут

Отбасында бәрі де өз уақытында жүріп-тұрғанды жақсы көретін. Тек Талғат қана үнемі кешігіп жүретін.

– Талғат, кел, тамағыңды іш, – деп шақыратын шешесі.

– Қазір бір минуттан кейін барамын, – деп, Талғат кітабын оқи беретін. Бұл оның әдеттегі жауабы еді. Ылғи осылай дейтін.

Бір күні мектепте шаңғы жарысы өтті. Талғат шаңғыны жақсы тебетін. Бірақ ол жеңімпаз болған жоқ. Оның жолдасы бір минутқа озып келді. Талғат екінші орын алып, үйге көңілсіз болып қайтты.

Талғат біраз ойланып, бір минуттың адам өміріндегі маңызын енді ғана түсінгендей болды.

Рафиқа Нұртазина, Ләйлә Асқар

- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой.
- Мәтіндегі негізгі ойды анықта.
- Талғат бір минуттың да рөлі бар екенін түсінді ме? Оны түсінуге не себеп болды?
- Мәтін мазмұнына өз ойыңды қысқаша жаз.
- Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің жазылуына назар аудар. Бұл сөздердің түбірін тауып, жазуда қалай өзгергенін айтып көр.



Қосымша жалғанғанда кейбір түбір сөздердің жазылуы өзгереді: *кітап – кітабы, парақ – парағы, әріп – әрпі, халық – халқы.*

34. Суреттегі сөздерді жұптастырып жаз.



- Жұптасқан сөздерді салыстырып, түбір сөздің жазылуын өзгерткен қосымшаны ата.

35. Мақалды қатесін түзеп жаз.

Ел көрікі – мал,
Өзен көрікі – тал.



47

Түбір мен қосымшаның жазылуы

36. Өлеңді тыңда.

Түн

Ұясына күн батып,
Айналаны түн басты.
Дала мүлгіп балбырап,
Жым-жырттыққа ұласты.

күнұзақ

Біз де үйге беттедік,
Енді өткеншек теппедік.
Ойнасақ та күнұзақ,
Құмарына жетпедік.



Түнде тыныс аламыз,
Тез-ақ ұйықтап қаламыз.
Жалғасына ойынның
Түсімізде барамыз.

Рахат Наурызбаева

- Өлең неліктен «Түн» деп аталған?
- Балалар түнде неге өткеншек теппейді?
- Түн мезгілін күндізгі уақытпен салыстыр.

37. Мәтінді қатесіз әрі көркем жаз.

Күндіз күн шығады. Ол айналаға нұрын шашады.
Жер беті жап-жарық болады.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

38. Пішіндерді сәйкестендіріп, өлең құрап жаз.



Елеңдеп құлағы,



Еліріп тұрады.



Көреген қырағы.



Бөкеннің лағы

Әбен Дүйсенов

- Жазған өлеңіндегі қарамен берілген сөздің түбірін тап.
- Түбір сөздің соңғы дыбысы неліктен өзгергенін түсіндір.

39. Ребусты шеш.

Қ



”



40. Өлеңді тыңда.

48

Жеті жасар баласын
 Жетпісте шал жетектеп,
 «Қайда әлгі мектеп?» – деп,
 Жетпіс келеді сүрініп,
 Жеті келеді жүгіріп.
 – Балам, балам, жақсы бол,
 Міне, сенің мектебің.
 Сабағыңа зейін сал,
 Ақылды бол тентегім, –
 Деп, жетпіс бір күрсінді.
 Жеті нені түсінді?..

Қасым Аманжолов

- Жетпістегі ата неге күрсінді деп ойлайсың? Оның неге күрсінгенін бала түсінді ме? Өз ойыңмен бөліс.
- Қарамен жазылған сөздердің түбірін тап. Түбір сөздің жазылуындағы өзгерістің себебін түсіндір.

41. Сөздерді көшіріп жаз.

Халық – халқы, ерік – еркі, құлып – құлпы, орын – орны, бөрік – бөркі.





- Сөздерді салыстыр. Түбір сөздің жазылуын өзгерткен қосымшаны ата.

- Сөздердің жазылуын есте сақта.



42. Тізбектің басында тұратын сөзді тап.



- Түбір сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

43. Сөйлемдерді мәтін шығатындай ретпен жаз.

Одан қалып қоюға болмайды. Уақыт тоқтамай сырғиды. Сондықтан бүгін істейтін істі ертеңге қалдырма.

- Жазған мәтін мазмұнына өз ойыңды айт.

- «Уақыт құнды», «Уақытыңды бағала» деп неліктен айта-тынын топта талқыла.





49

НӘТИЖЕ САБАҚ

Мен не үйрендім?

1. Мәтінді түсініп оқы.

«Сабақтың» о бастағы мағынасы тіпті басқаша. Араб тіліндегі «сабақ» сөзі «таңертең» деген мағынаны білдіреді. Оның ауыспалы екінші мағынасы – «таңертең келу». Оқудың көбіне ертеңгілікте басталатынын ескерсек, «сабақ» сөзінің «таңертең оқуға келу» мағынасын беретіндігін байқаймыз.

- Мәтінге ат қой.
- Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырып жаз:

1. «Сабақ» сөзінің тура мағынасы нені білдіреді?

2. ...

3. ...

2. Жұмбақты шеш және оны көшіріп жаз. Антонимдердің астын сыз.

Мұртын сипап күн бойы,
Бетін сусыз жуады.
Тысырды аңдып түн бойы,
Тышқанды көп қуады.

- Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талдап, тиісті белгімен белгіле.




3. Берілген тақырып пен тірек сөздерді оқы. Бұл мәтінде не туралы айтылуы мүмкін?

Тақырып: Кітаптар мұңы.

Тірек сөздер: жыл соңы, мектеп кітапханасы, жыртылған кітап, сызылған кітапша, мұңдарын шағу, кітапханашы.

- Тақырып және тірек сөздермен шағын өңгіме құрастыр.
- Кітап, кітапша және кітапхана, кітапханашы сөздері қандай сөздер?

4. Берілген сөздердің түбірі мен қосымшасын ажыратып, кестедегі тиісті бағанға орналастыр.

Сөз	түбір – 	жұрнақ – 	жалғау – 
кезекшіге	кезек	ші	ге
достықты			
сөздікпен			
іскер			
сыйлық			
уақыты			

5. Сөздерді оқы. Бәрі түбірлес сөз бола ала ма? Тек түбірлес сөздерді теріп жаз. Әр сөздің түбірін тиісті белгімен белгіле.

Бала, балақай, балақан, баламен, балалық.

Сый, сыйлау, сыйлық, сыйлы.

Ек, егін, егіндік, егінші, егінді.



50

БІЗДІҢ



Түбірлес сөздер

- Бір түбірден қанша туынды сөз жасауға болады?
1. Суреттерге қара. Сөздерді оқы.



кітапхана

кітапханашы





кітап



кітапша

2. Кез келген сөзбен сөйлем құра.
3. Жоғарыдағы қай сөз қай сызбаға сәйкес келеді?



- Өзіңе ұнаған түбірлес сөздермен осындай бет құрастырып көр. Сыныптастарыңның алдында қорғауға дайындал.

СӨУЛЕТ ӨНЕРІ



- Сөйлем туралы білеті-
німді *еске түсіремін.*
- Сөйлем мүшелері ту-
ралы *білетін боламын.*

Бастауыш
 Баяндауыш
 Тұрлаулы мүшелер
 Тұрлаусыз мүшелер
Ала қарға қарқыдады.
 Әділет – оқушы.

- Сөйлемді жалаң, жайылмаға ажыратуды;
- сөйлемді сөйлем мүшелеріне талдауды;
- сөйлем ішінде қолданылатын тыныс белгілерді (үтір, сызықша) дұрыс қояды;
- сөйлем мүшелерінің байланысын табуды *үйренемін.*



Сәулет өнері туралы не білемін?

51

Сөйлем мүшелері

1. Мәтінді тыңда. Тақырыбына қарап, мәтін мазмұнын болжа.



Сәулет деген не?

Бұрынғы заманда баспаналар бір-біріне өте ұқсас еді. Әдетте олар бұтақтардан, қамыстан, кейінірек саз-балшықтан тұрғызылды.

Уақыт өте келе құрылыс салу ісі де өзгерді. Бай адамдар сәулетті сарайларда тұрғысы келді. Ондай сарайларды тұрғызу үшін шеберлік пен терең білім қажет болды.

Тұрғын үйлерден басқа да құрылыстар – ғибадатхана*, стадион, театр, кітапханалар салына бастады.

ғибадатхана

Мұндай кешендер құрылысын ойлап тапқан адамды сәулетші деп, ал олардың туындыларын сәулет өнері деп атайды.

Сәулет өнері – адамдардың әдемі және ыңғайлы өмір сүруіне арналған өнер.

«Бейнелеу өнері» кітабынан

- Мәтін мазмұнына тірек болатын сөздерді тап.
- Мәтін бойынша бір-біріңе сұрақ қой.
- Сәулетші деген кім? Мәтін сөздерін пайдаланып, жауап жазып көр.



2. Сөйлемдердің тыныс белгісін дұрыс қойып жаз.

Адамдар баспана салды баспаналар бір-біріне ұқсас болды кейін тұрғын үйден басқа да құрылыстар салына бастады.



- Сөйлем туралы білетініңді еске түсір:
 - 1) сөздер мағыналық жағынан бір-бірімен байланыста болады;
 - 2) аяқталған ойды білдіреді;
 - 3) бірінші сөзі бас әріптен бастап жазылады;
 - 4) соңына не **.**, не **?**, не **!** белгісі қойылады.
- Сөйлемдерде неше сөз барын анықта.
- Алғашқы сөйлемдегі сөздерге сұрақ қой.



Сөйлем құрамындағы нақты сұраққа жауап беріп тұрған толық мағыналы сөздерді **сөйлем мүшелері** дейміз:

кім? қайда? не істеді?
Айдын мектепке келді.



3. Суреттегі ғимараттардың атауын қатыстырып, сөйлемдер құра.



- Құраған сөйлемдеріңді жазып, әр сөйлемде неше сөйлем мүшесі бар екенін айт. Сөздің үстіне оған қойылатын сұрақты жаз.
 кімдерге? не? қайтті?
Үлгі: Балаларға Бәйтерек мұнарасы ұнады.



4. Жақшадағы сөздерді сөйлемнің мазмұнына қарай өзгертіп, мәтінді көшіріп жаз.

Алматы хайуанаттар бағына келушілер тоғанда жүзіп жүрген (ләйлек) қызыға қарайды. (Ләйлек) көк-құтанға ұқсайды. Бірақ (ләйлек) қауырсыны ашық түсті болып келеді. Әрі бойы да биік.

- Екінші сөйлемде неше сөйлем мүшесі бар екенін тап.



Бастауыш

52

5. Мәтінді оқы.

Киіз үй – тарихымыздағы ең алғашқы сәулеттік құрылыс. Көшіп-қонуға ыңғайлы. Киіз үйдің жалпы салмағы жиһаздарымен қосқанда 300–400 келіге жуық.



Кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық* – киіз үйдің негізгі бөлшектері. Кереге киіз үйдің негізгі қаңқасы болып есептеледі. Ол талдан, қайыңнан жасалады.

жиһаз

- Сұрақтарға жауап бер.

1. Ата-бабамыз неліктен киіз үйді пайдаланған?
2. Киіз үйдің негізгі бөлшектеріне нелер жатады?
3. Кереге неден жасалады?

6. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Киіз үй тігілді. **Атам** төрге жайғасты. **Балалар** далада ойнады.

• Қарамен жазылған сөздердің астын сыз, оларға сұрақ қой. Бұл сөздер қимыл иесі болып тұрғанын байқа.





Қимыл, іс-әрекеттің иесін білдіретін сөзді бастауыш дейді. Бастауыш кім? кімдер? не? нелер? кімі? кімің? несі? нең? деген сұрақтарға жауап береді: *Ауылдан әкесі келді.*

7. Суретке қара.



- Сурет бойынша әңгіме құрап жаз.
- Жазған сөйлемдеріңнен бастауышты тап.

8. Мына нақыл сөздерді көркем жаз.

1. Шаңырағың шайқалмасын.
2. Керегең кең, екі босағаң тең болсын.

- Нақыл сөздердің мағынасын қалай түсінетініңді айт.
- Киіз үйге қатысты тағы қандай нақыл сөздерді білесің?
- Алғашқы сөйлемді сөйлем мүшесіне талда.



Баяндауыш

53

9. Мәтінді түсініп оқы.

Киіз үй тегіс жерге **тігіледі**. Ол үшін алдымен керегелер шеңберлене керіліп, бір-біріне таңғышпен біріктіріп **байланады**. Содан кейін есік **орнатылады**. Керілген керегені айнала басқұр **тартылады**. Бұдан соң үйдің тура ортасында тұрған қолында бақаны бар қарулы жігіт шаңырақты жоғары **көтереді**. Көтерілген шаңыраққа айнала уық шаншылып, оның екінші басы керегеге **байланады**. Оған киіз жабылып, үстін арқанмен бастыра тартып байланғанда ғана киіз үй тігіліп болды деп есептеледі.

«Ол кім? Бұл не?» кітабынан

- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой.
- Мәтіннен өзің бұрын естімеген жаңа сөздерді тап.
- Тапқан сөздеріңнің мағынасын сөздіктен біліп ал.
- Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой. Бұл сөздер нені білдіреді? Олар сөйлемнің қай мүшесіне қатысты?



Бастауыштың ісін, қимылын білдіретін сөздерді **баяндауыш** деп атайды. Баяндауышқа **не істеді? не қылды? қайтті?** деген сұрақтар қойылады: *Дана оқыды. Найзағай жарқылдады. Асан оқып отыр.*

10. Сөйлемдерді көркем жаз.


Киіз үй тегіс жерге тігіледі. Кереге басқұрмен тартылады. Шаңыраққа уық шаншылады.

• Баяндауыштарды тауып, астын сыз. Бұл сөздер сөйлемнің қай мүшесіне қатысты екенін сызып көрсет.

Үлгі: Киіз үй тегіс жерге тігіледі.

11. Берілген сөздерге қатысты қимылды білдіретін сөздер тауып айт.

Оқушы 

Су 

• Бұл сөздер сөйлемде қандай мүше болып тұр?

12. Құрамында б және л дыбыстары бар сөздер құрастырып айт.

б		л		
б		л		
б		л		

• Сол сөздерді қатыстырып сөйлем құрап жаз. Бастауыштың астын – бір, баяндауыштың астын екі сызықпен сыз.

Үлгі: Бұлан орманда мекендейді.



54

Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша

13. Мәтінді тыңда.

Астанада алты шақырым жерде Құлагерге ескерткіш орнатылған. Ескерткіш «Астана–Көкшетау» тасжолының бойында тұр. Құлагердің мүсіні мыстан құйылған.



Құлагер – әйгілі Ақан серінің тұлпары. Ақан он алты-он жеті жасынан әнге, өлеңге, домбыраға әуес* болады.

Олжас Қабділ Рашидтен

- Мәтіннен өзіңе қандай жаңа ақпарат алдың?
- Ол ақпараттар саған ұнай ма? Ұнаса, неліктен?
- Өз өлкеңде қандай ескерткіштер бар?
- Мәтіндегі қарамен жазылған сөйлемдерді көшіріп жазып, сөйлем мүшесіне талда. Олардың тыныс белгісіне назар аудар.

14. Сөйлемдерді оқы.

Әділет – оқушы.	Әділет оқыды.
Сәуле – биші.	Сәуле биледі.
Алма – жеміс.	Алма пісті.

- Екі бағандағы сөйлемдердің баяндауышын тауып, оларға сұрақ қой.
- Екі бағандағы сөйлемдердің баяндауышын салыстыр.



Бастауыш та, баяндауыш та зат есімнен жасалса, бастауыштан кейін **сызықша (-)** қойылады: Әмір – күйші. Алматы – сәулетті қала.

15. Мақалдардың қатесін түзеп, көшіріп жаз.

1. Отан қуат, отбасы шуақ.
2. Мектеп кеме, білім теңіз.
3. Ас атасы нан.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

16. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, өлеңді оқы.

Қасқырдың қаруы – ...

Есектің қаруы – ...

Бүркіттің қаруы – ...

Жыланның қаруы – ...

уы

күші

тісі

тырнағы

Ескен Елубай

- Өлеңдегі сызықшаның қойылу себебін түсіндір.



Тұрлаулы мүшелер

55

17. Оқы. Сөйлемдерді сызбамен сәйкестендір. Қай сызба қай сөйлемге сәйкес келетінін түсіндір.

Қарлығаштар ұшты.

Жаңбыр жауды.



Не? Не қылды?

Нелер? Қайтті?

- Бұл сөйлемдегі сөздер қандай сұрақтарға жауап береді?



Бастауыш пен баяндауыш – сөйлемнің тұрлаулы мүшелері.



18. Мәтінді түсініп оқы.

Отырар – көне қала. Қаланың орны Отырартөбе деп аталады. Бұл жерде қыш ыдыстардың қалдықтары көп.

Отырар қаласында ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби туған.

Отырарда сәулетті сарайлар мен мешіттердің болғанын дәлелдейтін жәдігерлер* көптеп кездеседі.

«Қазақстан тарихы» оқулығынан

- Мәтінде қандай қала туралы айтылған?
- Қарамен жазылған сөйлемнен тұрлаулы мүшелерді тап. Сызықшаның қойылу себебін түсіндір.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЗІЛІС

19. Ребусты шеш. «Қала» сөзінен екі сөйлем құрап жаз. Ол сөз бірінде – бастауыш, екіншісінде баяндауыш болсын.



30' " 1' қар — " аққала

• Бір сөздің екі сөйлемде екі түрлі сөйлем мүшесінің қызметін атқару себебін түсіндір.

- Екінші сөйлемде сызықшаның қойылу себебін түсіндір.



20. «Кім келіспейді?» ойыны. Ойынның шарты: ойын бастаушы төмендегі сөйлемдерді тақтаға жазып, оны тұрлаулы мүшелерге талдап беруді талап етеді. Талдауға шыққан оқушының пікіріне «Кім келіспейді?» деген сұрақ қояды. Келіспегендер өз пікірлерін дәлелдейді.

Өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеп, дұрыс талдаған оқушы ойын бастаушы болады.

1. Арман Тәуелсіздік сарайына бармақшы. 2. Апасы Түркістанда тұрады. 3. Ол таңертең Баянауылға соқты. 4. Біз Астананы араладық.



Тұрлаусыз мүшелер



56 21. Мәтінді тыңда.

Алматыдағы Абай атамиздың ескерткішінің авторы – Қазақстанның халық суретшісі Хакімжан Есімханұлы Наурызбаев.

Ұлы Отан соғысы жылдары республикамыздың үкіметін басқарған Нұртас Оңдасынов Қостанай облысын іссапармен аралай жүріп, Ұзынкөлге де соғады. Аудан басшысының кабинетінде сазбалшықтан жасалған әртүрлі мал пішіндеріне көзі түседі. «Мұны жасап жүрген кім?» дейді бірден. Сөйтсе, олардың иесі Хакімжан есімді балаң жігіт екен. «Оқуға жүр» дейді. Ол үйде жұмыс істейтін өзі ғана екенін, анасы мен жас бауырларын тастап кете алмайтынын айтады. Нұртас аға Алматыға оралысымен Хакімжанның отбасына мемлекет тарапынан жағдай жасатып, өзін Мәскеу көркемсурет училищесіне оқуға жібертеді.

көркемсурет

іссапар

Хакімжан аға мүсін өнерінің хас шебері еді.

Тілеуберді Меңдешұлынан

- Мәтін кейіпкері саған ұнады ма?
- Оның қай қасиеті ұнады?
- Хакімжан ағаны «мүсін өнерінің хас шебері» деп неліктен айтады? Өз ойыңмен бөліс.
- Х. Наурызбаевтың мына ескерткіштерден басқа тағы қандай мүсіндік шығармаларын білесің?





Шоқан Уәлиханов



Абай



Жамбыл

22. Тиісті тыныс белгісін қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Нұртас аға **Ұзынкөлге** келді ол **Хакімжанға** көмектесті оны **Мәскеуге оқуға** жібертті.

- Қарамен берілген сөздерге сұрақ қой.



Сөйлемдегі бастауыш, баяндауыштан басқа сөйлем мүшелерін **тұрлаусыз мүшелер** деп атайды. Оларға **қандай? кімге? неге? қашан? қайда?** т.б. сұрақтар қойылады.

23. Суреттерге қара. Астындағы сөйлемдерді оқы.



_____ тоқылдатты.



_____ ұшты.



Кеме ...




• Соңғы сөйлемде қандай сөз түсіп қалған? Ол сөйлемнің қандай мүшесі: бастауыш па, әлде баяндауыш па? Өз жауабыңды түсіндіріп айт.



• Осы сөйлемдерге тұрлаусыз мүше қосып жаз.

57

24. Өлеңді оқы.



Даңқты* қалалар

Қалалар бар әлемде
Тамсандырған халықты.
Ол қалалар әр елде
Несіменен даңқты:
Париж – Эйфель мұнарасымен,
Москва – Кремлімен,
Вашингтон – Ақ үйімен,
Афина – Акрополімен,
Алматы несімен әйгілі?

Ескен Елубай



• Өлеңдегі сұраққа жауап бер.

• Өлең неліктен «Даңқты қалалар» деп аталған?



• Суреттегі көріністер не себепті әйгілі екенін дереккөздерден біліп ал.

25. Қатесін түзеп жаз.

Ейфель мұнарасы – әлемдегі ең биік құрылыстардың бірі. Оған саяхатшылар көп барады.

- Сөйлемдерді сөйлем мүшесіне талда.

26. Ойлан, тап.

Айтыңдаршы ал енді,
Ұлы қорған бар елді.
Айтыңдаршы ал енді,
Пирамида бар елді.

- Жауабыңды жаз.

27. Төмендегі сөйлем мүшесіне талдау үлгілеріне назар аудар.

1. Сөйлемдердегі қимылды, іс-әрекетті білдіретін сөзді тап. Оған *не істеді? не қылды? қайтті?* сұрақтарының тиістісін қой. Осы сұрақтарға жауап беретін сөз **баяндауыш** болады. Баяндауыштың астын екі сызықпен сыз.

2. Сөйлемдегі қимыл, іс-әрекеттің иесін анықта. Сол сөзге сұрақ қой. Егер ол сөз *кім? не? кімдер? нелер?* сұрақтарына жауап берсе, онда ол **бастауыш** болады. Оның астын бір сызықпен сыз.

3. Сөйлемдегі өзге сөздерге сұрақ қой. Олар сөйлемнің **тұрлаусыз мүшелері** болады. Тұрлаусыз мүшелердің астын ирек сызықпен сыз.

4. Сөйлем мүшелерінің байланысын сызбамен көрсет:
Оқушылар саяхатқа шықты.

28. Жоғарыдағы сөйлем мүшелерінің талдау үлгісін басшылыққа алып, төмендегі сөйлемдерді талда.

1. Ескерткіштер қорғауға алынған. 2. Сәулетшілерді кездесуге шақырдық. 3. Астана сәулетті құрылысымен ерекшеленеді. 4. Мен өскенде сәулетші болғым келеді.





Сөйлем мүшелерінің байланысы

58 29. Мәтінді түсініп оқы.

Мен – Астана қаласының кішкентай тұрғынымын. Астана өте әдемі. Қалада неше түрлі ойын-сауық орталықтары бар. Сәулетті ғимараттар өте көп. Өскенде туған қаламның өркендеуіне өз үлесімді қоссам деймін.

ойын-сауық

«Жыл он екі ай» кітабынан

- Мәтін не туралы? Оған ат қой.
- Астанадағы сәулетті ғимараттар туралы білетініңді айт және оларды дереккөздерден қарап толықтыр.
- Сызба арқылы сұрақ қойып, өзара байланысқан сөздер тобын тап.

Мен – Астана қаласының кішкентай тұрғынымын.




Сөйлем мүшелері мағынасына қарай өзара байланысып айтылады. Олардың байланысы сұрақ қою арқылы анықталады.


30. Мәтінді көркем жаз.

Астана – еліміздің ордасы. Маған өз қалам өте ұнайды. Астана қаласы күн сайын көркейіп өсіп келеді.

- Сөйлемдегі сөздердің байланысын тап.
- Мына сызбаға қай сөйлем сәйкес келетінін айт.



31. Сызба бойынша тиісті сөйлем мүшелерін тауып жаз.



59

32. Тақырыбы бойынша өлең мазмұнын болжа. Сонан соң өлеңді оқы.

Құрылысшы

Қолда темір қалағым,
Саздан сарай қаладым.
Алматыдан аумайтын
Әсем қала саламын.

Шекербек Садыханов


- Ал сен өз қалаңа қандай сәулетті ғимараттар салар едің?

33. Көңіл қойып оқысаң, екі жолдан тұратын мақал шығады. Сол мақалды тауып жаз.

А_СҚ_{ЫЛ} Ж_ТАСТАН ШЫҒАДЫ.

- Сөйлем мүшелерінің астын тиісті сызықтармен сыз.
- Сөйлем мүшелерінің байланысын сызып көрсет.

34. Суреттегі зат атауларының алғашқы әріптерінен сөз құрап оқы.



- Шыққан сөз туралы не білетіңді айт.

35. Сөйлемдерді мағыналық байланысына қарай мәтін шығатындай етіп жаз. Мәтінге ат қой.

1. Жандос пен Гүлназ коньки теуіп жүр.
2. Ол әлі өздігінен коньки тебе алмайды.
3. Айжан мұнда бірінші рет келген еді.
4. Балалар мұзайдынға келді.
5. Оған достары көмектесті.

- Медеу мұзайдыны сәулет өнеріне жата ма? Ойыңмен бөліс.



Жалаң және жайылма сөйлем

60

36. Мәтінді түсініп оқы.



Бейнелеу өнерінің табиғатты бейнелеген түрі **пейзаж** деп аталады. Пейзаж бейнелеу өнерінің әрбір түрінде кездеседі. **Пейзаж маған өте ұнайды.**

Егер суретте адам бейнеленсе, ол жанр **портрет** деп аталады. Суретте қозғалмайтын заттар да бейнеленуі мүмкін. Бейнелеу өнерінің бұл түрі **натюрморт** деп аталады.

«Бейнелеу өнері» кітабынан

- Бейнелеу өнерінің тағы қандай жанрлық түрлерін білесің?
- Саған бейнелеу өнерінің қай жанры ұнайды?
- Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемді көшіріп жаз. Сонан соң тұрлаусыз мүшені алып тастап жаз. Екі сөйлемді салыстыр.



Жай сөйлем жалаң, жайылма болып екіге бөлінеді. Бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлемді **жалаң сөйлем** дейді: *Жазира биледі.*

Тұрлаулы мүшелерден басқа тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлемді **жайылма сөйлем** дейді: *Жазира әдемі биледі.*

37. Жалаушадағы әрбір сөздің қай суретке тиісті екенін тап.




38. Жұмбақты оқып, жатқа жаз.



Түнде күндіз болды,
Жерге жұлдыз қонды.

- Жай сөйлем түрлерін ажырат.
- Сөйлем мүшелерінің байланысын сызбамен көрсет.

39. Сызбаны толықтыр.





61

НӘТИЖЕ САБАҚ**Мен не үйрендім?**

1. Мәтінді түсініп оқы.

Сәулет кереметтері

Кейбір ғимараттар келушілерді ерекше сәулетімен тамсандырады. Қытайдағы Ұлы Қытай қорғанына жыл сайын миллиондаған саяхатшылар келеді. Ал Үндістандағы Тәж-Махал – сәулет өнері мен сұлулықтың сөз жетпес ғажап туындысы. Тәж-Махал мәрмәрінің түсі маусымнан маусымға дейін сағат сайын өзгеріп отырады деседі.

миллион

мәрмәр

- Сұрақтардың көмегімен мәтінге жоспар құр.

Сұрақтар	Жоспар
1. Миллиондаған саяхатшылар келетін қорған қалай аталады? 2. Үндістандағы ғажап туынды қалай аталады? 3. Тәж-Махалда ненің түсі өзгеріп тұрады?	

- Жоспар мен тірек сөздерді пайдаланып, мәтіннің мазмұнын жаз.

Тірек сөздер: сәулет кереметтері, тамсандыру, Ұлы Қытай қорғаны, миллиондаған халық, Тәж-Махал, мәрмәрдің түсі, маусымнан маусымға дейін, сағат сайын өзгеріп отыру.


2. Сөздерден сөйлем құрап оқы, оларды сөйлем мүшелеріне талда.




• Құраған жалаң, жайылма сөйлемдеріңді тиісті пойыз вагондарына орналастыр. Бұл сөйлемдердің бір-бірінен айырмашылығы неде?



3. Сызбаны толықтыр.





4. Мәтіндегі көп нүктенің орнына тұрлаулы мүшелердің бірін қойып оқы.

– Мен – Сөйлемде менің мойныма ұшан-теңіз жауапкершілік жүктеледі. Мен сөйлемдегі ойдың иесімін. Менсіз сөйлем басы жоқ серке тәрізді. «Кім? Не?» деп сұрай келген жан болса, мені көп қиналмай-ақ бірден тауып алады. Рас, кейде көзге түспей жасырынып та қаламын. Бірақ ол менің кінәм емес.

Бердібек Соқпақбаев

- Үшінші сөйлемді сызбамен алмастыр.



62

БІЗДІҢ



Мақал-мәтелдер

• Мақал-мәтел – бейнелі және мәнерлі сөйлеу құралы. Мақал-мәтелдер сөйлеммен беріледі.

1. Мақалдарды оқы. Олардың мағынасын түсіндір. Сөйлем мүшелеріне талда.

1. Өнер өрге жүзгізеді. 2. Еңбек ептілікті сүйеді. 3. Асыл тастан шығады, өнер жастан шығады. 4. Ер қадірін ел білер, зер қадірін зергер білер.

2. Әңгімені оқы. Әңгіменің бұлай аталу себебін түсіндіріп көр.

Бұлақ көрсең, көзін аш

Ыбырай атамыздың «Таза бұлақ» деген әңгімесін оқыған боларсыңдар. Олай болса, әр бала жазда кездесе

қалса, бастаудың көзін, бұлақтың жолын аршып, оларды шөп-шаламнан, лай-батпақтан тазалай жүрсе, үлкен ғанибет. Сол үшін бабаларымыз «Бұлақ көрсең, көзін аш!» деп өсиет қалдырған.

Спандияр Ақеев

3. «Мақал-мәтелдер» кітабынан жалаң сөйлемнен тұратын 5 мақал, жайылма сөйлемнен тұратын 5 мақал тауып жаз. Сөйлем мүшелерінің астын тиісті сызықтармен сызып көрсет.

- Тапқан мақалдарыңның мағынасын түсіндіріп бере аласың ба?
- Қай мақалмен өңгіме құрауға болады? Сол мақалмен өңгіме құрап көр.
- Мақалды қатыстырып құраған өңгімеңді сыныптастарыңның алдында қорға және бағала.



Бақылау диктанты.

63–64



ОҚУЛЫҚТАҒЫ ҚИЫН СӨЗДЕРДІҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ

Ағаштың діңі – ағаштың бұтақ тарайтын негізгі бөлігі.

Ащы сөз – ызалы сөз, қатты айтылған кейіс сөз.

Әуес – үйір; құмар, құштар; жеңсік, таңсық; жақсы көретін, ұнататын.

Балғын – әлі өсіп-жетілмеген, балауса (өсімдік); жас, балауса; сүйкімді, нәзік.

Бүрісу – суықтың, аяздың әсерінен тоңу.

Гранит тас – жер қыртысында өте көп тараған магмалық тау жынысы.

Ғибадатхана – құдайға құлшылық ететін орын (үй, ғимарат, мешіт).

Даңқты – даңқы шыққан, атақты, әйгілі.

Ден қою – көңіл бөлу, назар аудару.

Жарымжан болу – кемтар, мүгедек, дімкәс болу.

Жасқану – жүрексіну, қаймығу, имену.

Жәбірлеу – зорлық-зомбылық жасау, қиянат көрсету, ұрып-соғу.


Жәдігер – өте құнды ескі мүлік.

Жылға – қар, жаңбыр суы ағатын шағын өзекше.

Зеңгір – аспан түстес, көк, көкшіл; биік, зәулім, заңғар.

Инабатты – ибалы, әдепті, ізетті, ілтипатты.

Кәделік (ағаш) – кәдеге, іске жарайтын ағаш.



Кейіді – ренжіді, қынжылды, налыды.

Кенелу – байлыққа, молшылыққа ие болу; қарық болу.

Кертіп тастау – бунақтап кесіп тастау.

Кескін – бет-пішін, әлпет, келбет.

Көк жүзі – көк, аспан, аспан әлемі.

Көктей солу – жастай өлу, қыршынынан қиылу.

Көкірегіне нан пісу – өзін жоғары санау, өз-өзінен ісініп-кебіну, мақтану.

Қабыршық мұз – жаңа қатқан жұқа мұз.

Қалшылдау – қатты тоңу, қалш-қалш ету, дірілдеу.

Қапталы – бір нәрсенің (арық, көше, жол т.б.) екі жаны (жағы).

Қара суық – жер қара кездегі жауын-шашынсыз ызғарлы суық.

Қозы жасы – ұл баланың оннан енді ғана асқан кезі.

Меңзеу – сілтеп көрсету, бағыттап, түспалдап көрсету, нұсқау; жетелеу, үнемі алға көз салдыру.

Назар салу – көңіл бөлу, қарау, көз тоқтату.

Отындық (ағаш) – отынға жарайтын, отын боларлық ағаш.

Өзек – жауын, қар суынан пайда болған кішірек сай.

Сарбаз – қатардағы әскер, жауынгер.



Сескену – бата алмай бой тарту, жасқану, қорқу.

Сүрек – сабақтың (ағаш діңінің) қабықтан кейінгі едәуір бөлігін алып жатқан қабық пен өзектің арасындағы қалың қабаты.

Сықырлауық – киіз үйдің ішкі жағынан жабылатын екі бөлек тақтай есік.

Сындарлы – сабырлы, салиқалы; мәртебелі, парасатты; әдепті, сыпайы.

Таң – күн шығар алдындағы мезгіл.

Тиын-тебен – азын-аулақ ақша, болмашы қаражат.

Томағалау – қыран құстың басына көзін бастыра былғары қалпақ кигізу.

Тоң – қатты суықтан топырақтың сіресіп қатып қалуы.

Төмпештеу – соққылау, ұрғылау.

Тұл – жалғызбас; иесіз.

Ұзату – *мұнда*: малды өріске шығарысу.

Хабаршы – хабар жеткізуші.

Хал – тап болған жағдай, жай-күй.

Хас (шебер) – шын мәніндегі, нағыз.

Шарбы бұлт – селдір, сирек бұлт.

Шежіре – тарихи оқиғалар жазылып отыратын жылнама.



Шежіреші – шежіре айтқыш.

Шық – салқын күндері шөп басына тұрып қалатын мөлтілдеген тамшы су.

Шырағым – жақсы көргенде айтылатын қарағым, көкем, айналайын деген мағынадағы сөз.

ЭКСПО – бүкіләлемдік көрме.

ЮНЕСКО – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы (Индустрияландырудың нышаны және техникалық, технологиялық табыстарды көрсету үшін ашық алаң болып табылатын халықаралық көрме).



ОРФОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІК

ауызша
басшы
бүлдірген
бүлдіршін
ғибадатхана
даңғыл
дүниежүзі
діңі
жазбаша
жиһаз
жүрек
зиян
илеу
көжек
көкжиек
көркемсурет

күнұзақ
қабілетті
қараңғы
мәрмәр
миллион
мүсін
ойын-сауық
өмірбаян
сәлем хат
Таңбалы тас
Түркісіб
тыйым
үңгір
хайуанат
хал
іссапар

МАЗМҰНЫ

ЖАНДЫ ТАБИҒАТ	4
Тіл және сөйлеу.....	5
Жанды табиғат туралы не білетінімді еске түсіремін. Мәтін	10
Жанды табиғат туралы мазмұндай аламын. Мәтін және оның түрлері	24
Сөйлеу мәдениетіне үйренемін	33
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	38
 ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН (Жарық пен қараңғы)	 40
Жақсы мен жаманды айыра білемін. Қаратпа сөз.....	41
Жақсы мен жаманды білемін. Қыстырма сөздер.....	45
Жақсы мен жаманды зерттеймін. Ә дыбысы	48
В дыбысы	51
Ф дыбысы.....	52
Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Ч, щ дыбыстары	56



Ц дыбысы	60
Х, һ дыбыстары.....	62
Сөйлеу мәдениетіне үйренемін	66
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	68
УАҚЫТ	70
Уақыт туралы не білемін?	
Дыбыстардың үндесуі	71
Сағаттың шығу тарихын зерттеймін.	
Тура және ауыспалы мағыналы сөздер	75
Хронологиялық даталардың көмегімен өмірбаянымды жазамын. Түбір сөз және туынды сөз	
	78
Түбірлес сөздер.....	83
Уақыт әлеміне саяхат.	
Түбір мен қосымшаның жазылуы.....	86
Уақытыңды бағала.	
Түбір мен қосымша.....	88
Түбір мен қосымшаның жазылуы.....	89
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	93
Біздің жобамыз	95
СӘУЛЕТ ӨНЕРІ	96
Сәулет өнері туралы не білемін?	
Сөйлем мүшелері.....	97
Бастауыш	99
Баяндауыш	101



Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша	102
Тұрлаулы мүшелер	104
Тұрлаусыз мүшелер	106
Сөйлем мүшелерінің байланысы.....	110
Жалаң және жайылма сөйлем.....	112
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	115
Біздің жобамыз	117
Оқулықтағы қиын сөздердің түсіндірме сөздігі	119
Орфографиялық сөздік	123

Оқу басылымы

**Жұмабаева Өзия Елеупанқызы
Уайсова Гүлнар Инаматқызы
Сәдуақас Гүлбану Теміриязқызы**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

1-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық

Редакторлары *Ж. Қайранбай, А. Ноғайбаева*

Суретшісі *Б. Ералиева*

Көркемдеуші редакторы *А. Капсаланова*

Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*

Корректоры *Е. Амангелді*

Компьютерде беттеген *С. Төлегенова*

ИБ № 008

Теруге 20.01.2018 берілді. Басуға 24.04.2018 қол қойылды. Пішімі 70x100 ¹/₁₆.
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 10,4. Есептік баспа табағы 4,72.
Таралымы 200 000 дана. Тапсырыс №3380.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

